USTAZ НАВ

Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnal / International Informational Scientific and Methodological Journal / Международный информационный научно-методический журнал

№4(8) (2026 ж. Сәуір/Апрель 2026 г.)

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты «№ 127 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

"Ұстаз – жүректен жол тапқан шырақ пен шамшырақ."



Манасова Жадра Амангельдиевна

International Informational Scientific and Methodological Journal
Международный информационный научно-методический журнал
Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnal

"USTAZ HAB" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnalynyń
№4(8) (2026 j. Sáýir) shyǵarylymy. Выпуск №4(8) (Апрель 2026 г.)
международного информационного научно-методического журнала «USTAZ HAB».
Issue No. 4(8) (April 2026) of the International Informational
Scientific and Methodological Journal «USTAZ HAB».

" Halyqaralyq aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnaly Nur-Sultan qalasynda Qazaqstan Respýblıkasynyń Aqparat jáne Qoǵamdyq damý mınıstrliginiń Aqparat komıteti 2023 jylǵy 20 aqpandaǵy Merzimdi baspasóz basylymyn, aqparattyq agenttikti jáne jelilik basylymdy esepke qoıý týraly kýáligi № KZ40VPY00064978 berilgen. "
Taralý aýmaǵy: Halyqaralyq, alys jáne jaqyn shet elder.
"USTAZ HAB" jýrnaly aıyna 1 ret jaryq kóredi.

TAQYRYPTYQ BAǴYTY:
bilim berý salasyndaǵy oqý-ádistemelik, ǵylymı-tájirıbelik, aqparattyq -saraptamalyq, pedagogıkalyq ınovasıalyq tájirıbelerdi taratý boıynsha materıaldar jarıalaý.

REDAKSIA ALQASY
Bas redaktor:/Glavnyı redaktor: Baıandy Erlan
Dúısenbekova B.N. – bıologıa ǵylymdarynyń kandıdaty, qaýymdastyrylǵan profesor, Qaraǵandy medısına ýnıversıteti
Dúzbaeva N.M. – bıologıa ǵylymdarynyń kandıdaty, qaýymdastyrylǵan profesor, Akademık E.A. Bóketov atyndaǵy Qaraǵandy ýnıversıteti
Kaskarbaeva B.B. – pedagog-sheber
Qasqabaeva F.S. – pedagog-sheber
Esenova Sh.B. – pedagog-zertteýshi
Imanbek Á.O. – jaratylystaný ǵylymdarynyń magıstri
Alshynov A.Á. – jaratylystaný ǵylymdarynyń magıstri
Korektor / korektor: Kákish Merei Ertaıqyzy
Jaýapty hatshy / otvetstvennyı sekretar: Esbergenov Aıdyn Ardaquly

Materıaldardyń anyqtyǵyna avtorlar jaýapty bolady.
Redaksıa materıaldardy qabyldamaýǵa quqyly.

"USTAZ HAB" aqparattyq ǵylymı-ádistemelik jýrnalynyń avtorlarǵa arnalǵan erejelerimen QR-kodty skanerleý arqyly tanysa alasyz.

The publication periodicity is 1 times a month.

CERTIFICATE
about registration No. KZ40VPY00064978

Issued by the Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic Kazakhstan

Периодичность издания — 1 раз в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ40VPY00064978

Выдано Комитетом информации Министерства Культуры и информации Республики Казахстан

THEMATIC DIRECTION:
publication of materials on the dissemination of educational, methodological, scientific, practical, informational, analytical, pedagogical innovative experience in the field of education.

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

EDITORIAL BOARD
Editor-in-chief: Bayandy Yerlan
Duissenbekova B. N. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda Medical University
Duzbaeva N. M. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after Academician E. A. Buketov
Kaskarbaev B. B. -Master teacher
Kaskabayeva F. S.-teacher-master
Yesenova Sh.B.-teacher-researcher
Imanbek A. O.-Master of Natural Sciences
Alshynov A. A.-Master of Natural Sciences
Proofreader: Kakish Merey Yertaevna
Executive Secretary:
Esbergenov Aydin Ardakovich

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Главный редактор: Баянды Ерлан
Дуйсенбекова Б. Н. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, медицинский университет Караганды
Дузбаева Н. М. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова
Каскарбаева Б. Б.-педагог-мастер
Каскабаева Ф. С.-педагог-мастер
Есенова Ш. Б.-педагог-исследователь
Иманбек А. О.-магистр естественных наук
Алшынов А. А.-магистр естественных наук
Корректор: Какиш Мерей Ертаевна
Ответственный секретарь:
Есбергенов Айдын Ардакович

The authors are responsible for the accuracy of the materials. The editorial board reserves the right to reject the materials.

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

С правилами для авторов информационного научно-методического журнала "USTAZ HAB" вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.
You can familiarize yourself with the rules for authors of the information scientific and methodological journal "USTAZ HAB" by scanning the QR code.

Mazmuny / Содержание / Contents

Шатырбаева Ж.А. Мәтінді есептер арқылы оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту.....5
Алимбаева А.М. Бастауыш сынып оқушыларын қазақ тілі пәнінен грамматикасын дамыту авторлық бағдарлама.....9
Дарибаева Ш.Е. Значение цифровых технологий в обучении русскому языку в условиях инклюзивного образования.....11
Ниятова У.К. Қазақстан тарихы: ұлттық жады және қазіргі қоғам.....13
Джуматаева С.Б. Сандық амалдар мен геометриялық фигураларды интерактивті тақталар, пазлдар және ойын элементтері арқылы түсіндіру.....17
Тлеуова А.Ж. Заманауи технологиялар мен интерактивті құралдарды қолдану арқылы оқыту әдістері.....20
Әбдіқайымова Ж.Ж, Оспанова Н.Н. Мектепте молекулалық биологияны биоинформатика құралдары арқылы оқыту.....22
Сабденова А.С. Баладағы танымдық даму.....26
Джалимбетова А.А. Тіл кемістіктерін түзетудегі ойын технологиялары.....29
Махметалиева М.О. Эмоциялық ерік саласын дамыту.....32
Елемесова Г.И. Роль краеведческих проектов в формировании патриотизма и исследовательских компетенций учащихся.....35
Ескелдиева А.М. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін театр түрлері арқылы дамыту.....36
Нусипжанова У.Ш. Ойын арқылы оқыту: тиімді әдістер мен тәсілдер.....38
Алиева Ж.Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда жас экологты қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері.....39
Турмаханова Р.А. Колледждегі әдістемелік жұмыстың маңыздылығы.....41
Дауленбаева Ш.А. Басты бағыт- бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.....42
Әйтімбетова Г.Н. Техникалық және кәсіптік білім беруде WorldSkills тәжірибесінің рөлі: халықаралық деңгейдегі нәтижелер.....45
Айтешева Д.У. Comparative Analysis: Cultural Differences Between Countries.....48
Турлибаева А.А., Аманша А.А., Зияева Г.К. Биологиядан интегралды танымдық тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыру.....52
Курмангалиева Б.К. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.....59
Шүйінші Ә.Б. География пәнін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану ерекшеліктері.....62
Жәнібекқызы Б. Химия сабағында құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды құрастыру әдістемесі.....65
Жумагельдиева Н.С. Биология сабақтарында жылыжайды тиімді пайдалану – тәжірибелік оқытудың негізі.....69
Алимбаева Н.Қ. Қазақстан Республикасының банк жүйесі: траекториясы, реформалар және цифрлық трансформация.....72
Акилова Ж.Ж. Биологияны оқытуда жаңа оқыту технологиялары негізінде метапәндік құзіреттілікті қалыптастыру.....74

Шатырбаева Жазира Асемхановна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
"Қайнар жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Қайнарбұлақ ауылы



МӘТІНДІ ЕСЕПТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Түсінік хат

Бағдарламаның жалпы сипаты. «Мәтінді есептер арқылы оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту» атты бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, **«Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету»** туралы ереже ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұнына аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. 4 - сынып оқушыларына математика пәнінде қолдануға ұсынылған.

Бағдарламаның мақсаты

Мәтінді есептер шығару арқылы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту

Міндеттері:

1. бастауыш сыныптарда мәтінді есептер шығаруды қалыптастыру;
2. мәтінді есептерге қызығушылығын ояту;
3. өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
4. есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтауарқылы логикалық ойын дамыту;
5. өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру арқылы оқушының интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін дамыту;
6. бағдарламадан тыс логикалық есептерге өзіндік талдау жасай білуге баулу;
7. әртүрлі тақырыптағы есептерді шығаруда салыстыра отырып амалдар қолдануға үйрету;
8. алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу.

Бағдарламаның өзектілігі:

Аталған тақырып дүние жүзіндегі білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламалары математикадағы пәндік білімді күнделікті өмірде қолдана білудің маңыздылығын атап айтады. Сондықтан, Қазақстанның PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерге қатысуы еліміздегі мектеп оқушыларының өзін-өзі дамытуды жоғары деңгейде іске асыруы мен қоғам өмірінде өз орнын табу, өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалану, қоғамдық және кәсіби өмірдің барлық салаларында

математикалық аппаратты тиімді қолдану, математикалық сауаттылығы мен сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіру, әртүрлі өмірлік жағдайларда кездесетін практикалық міндеттерді шешу және математикалық пайымдау дағдыларына ерекше назар аудару арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда өзекті. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында мәтінді есептер арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру қазіргі білім жүйесінде маңызды.

Осы аталған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы , негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы және басқадай нормативтік құжаттар құрайды..

Бағдарламаның жаңалығы

Педагогикалық жаңалығы:

Есептер мен оларды шешудің әдістері: жай есептерге сәйкес амалды анықтау және оны негіздеп беру; құрама есептің жоспарын құру; экономикалық есептерді әр түрлі әдіспен шешу; логикалық есепті арифметикалық және алгебралық тәсілдермен шығару.

Психологиялық жаңалығы:

Бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын мәтінді есептерді шығаруға оқытып-үйрету арқылы қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. бастауыш сыныптарда мәтінді есептер шығару дағдылары қалыптасады;
2. мәтінді есептерге қызығушылығы оянады;
3. өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілдік қоры дамып, дұрыс сөйлеу мәдениеті қалыптасады;
4. есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойы дамиды;
5. өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру арқылы оқушының интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігі артады;
6. бағдарламадан тыс логикалық есептерге өзіндік талдау жасай біледі;
7. әртүрлі тақырыптағы есептерді шығаруда салыстыра отырып амалдар қолданады;
8. алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйренеді.

Ақпараттық - әдістемелік бөлім

(аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат)

4 – сыныптың математика пәні бойынша жазылған «Мәтінді есептер арқылы оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту» атты бағдарламасының алғашқы бөлімі **«Көптаңбалы сандар»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде **6 сағат**: «Кіріспе. Мәтінді есептердің маңызы және оның түрлері», «Мәтінді есептерді шешу алгоритмі», «Сандар нумерациясы», «Сандарды бірнеше бірліктерге арттыруға (кемітуге) арналған есептер», «Суреттер бойынша қарапайым есептер», «Кестелік көбейту және бөлу» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімде:

- Диалогтік оқыту технологиясы;
- Интербелсенді әдістер;
- Жекелеп оқыту технологиясы.

Авторлық бағдарламаның екінші бөлімі **«Шамалар және өлшем бірліктер» 10 сағат** берілген: «Шамаларға берілген мәтінді есептер», «Баға. Сан. Құн», «Ең үлкен , ең кіші», «Жай есептерді теңдеу құру арқылы шығару», «Құрама есептерді шығарудағы көрнекіліктір» тақырыптары негізінде құралған. Аталған тақырыптарды оқыту барысында төмендегідей жаңа технологияларқолданылады.

- Ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологиясы;
- Ойын технологиясы элементтері;
- Модельдік оқыту технологиясы;
- Кезеңдеп оқыту технологиясы.

«Логикалық есептер» бөлімінде **10 сағат** берілген**.**

«Жаңа логикалық амал», «Артық қалу, жетпей қалу», «Аралық. Ағаш егу, ағаш кесу», «Заңдылыққа берілген есептер», «Сюжетті геометриялық есептер» тақырыптары негізінде құралған.

- Белсенді оқыту әдістері;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Өздігінен дамыту технологиясы;
- Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы.

«Күрделі мәтінді есептер» бөліміне **8 сағат** берілген. Аталған төртінші бөлім тақырыптары: «Жанама есептер», «Қозғалысқа байланысты есептер», «Өнімділікке берілген есептер» . Бұл бөлімде төмендегі педагогикалық технологиялар қарастырылады:

- Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы;
- Топтық оқыту технологиясы;
- Проблемалық оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Қорытынды

1. Инновациялық педагогикалық тәжірибенің өзектілігі: ҚР «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті-сапалы білім беру арқылы жеке тұлғаны дамыту негізгі мәселе. Еліміздегі білім беру үдерісін дамытуда жеке тұлғаның бойында XXI ғасырда түрлі дағдыларды дамыту қажеттілігі маңызды болып табылады. Отандық білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту, баланың қажеттіліктерін зерттей отырып, бейініне қарай оқытуда шығармашылық дағдылары мен креативті ойлау қабілеттерін шыңдау, оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасау қазіргі кезде өзекті. Қазақстанның PISA, TIMSS халықаралық зерттеулерге қатысуы еліміздегі мектеп оқушыларының өзін-өзі дамытуды жоғары деңгейде іске асыруы мен қоғам өмірінде өз орнын табу, өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалану, қоғамдық және кәсіби өмірдің барлық салаларында математикалық аппаратты тиімді қолдану, математикалық сауаттылығы мен сыни тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіру, әртүрлі өмірлік жағдайларда кездесетін практикалық міндеттерді шешу және математикалық пайымдау дағдыларына ерекше назар аудару арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту маңызды болып табылады.

2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: Бағдарлама мазмұнында мәтінді есептерді қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту көзделгені ерекше назар аудартады. Мәтінді есептерді шешу – оқушыдан есепті дұрыс түсініп, мәліметтерді талдап, жүйелі түрде шешім қабылдауды талап етеді. Осындай жаттығулар балалардың зеректігін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық, сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

3. Жұмыстың ғылымилығы: Жаңа білім беру парадигмасы философиясына, әдіснамасына, психологиясына және педагогикалық ғылым мен практиканың соңғы жетістіктеріне сәйкес әзірленген.

- оқушылардың білім беру дағдысын қалыптастыру ғана емес, жеке тұлғасын дамыту және тәрбиелеу;
- білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге сәйкестігін қамтамасыз ету және т.б.;

4. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы, оның білім беру ұйымының жалпы даму стратегиясымен байланысы. Оқу материалдарының балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы, есептердің күрделілік деңгейінің кезең-кезеңімен артуы бағдарламаның тиімділігін арттырады .Бұл бағдарламаның іске асырылуы 4-сынып оқушыларының болашақта жоғары сыныптардағы күрделі тапсырмаларды тез және тиімді шешуіне негіз бола алады.

5. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі: Бағдарлама тақырыптары білім алушының ойын дамытады, ізденушілік, зерттеушілік әрекетіне жол ашады, кәсіпшілік қызығушылықтырын қалыптастыруға жағдай жасайды, отбасы арасындағы

қарым-қатынас біліктілігін жүзеге асыруда қиындықты шешуге мүмкіндік береді.Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін (мақалалар, баяндамалар, шығармашылық есептер, оқу-әдістемелік қамтамасыз етумен ашық сабақтар, әдістемелік құралдар, ұсынымдар және т. б.) ұсыну формалары мен тәсілдері)_

6. Жұмыстың практикалық маңыздылығы: Тақырып бойынша атқарылатын істің нақты жағдайын жақсы жаққа өзгертуге мүмкіндік береді. Мектеп бағдарламасының тәжірибесінде енгізу үшін ұсынылады. Мысалы, білімді өз бетінше игеруді, жаңа танымдық және практикалық дағдыларын меңгеру, қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі, фактілерді талдап қорытынды жасау. Ұлттық руханият контексінде білім алушылардың болашақта ұлттық педагогиканы, ұлттық тәрбиені, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасты, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, жауапкершілік міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі.

7. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсынудың нысандары мен тәсілдері: барлық шығармашылық тапсырмалардың болуын қамтамасыз етуге баса назар аударылған.

- Оқушылардың жас ерекшелігі ескерілген, мазмұны қарапайым және тікелей немесе жанама түрде оқу бағдарламасымен байланысты, түсінуге қолжетімді және тартымды;
- Тілі қарапайым және жеңіл;
- Қызықты және ойын-сауық элементтерін қамтиды;
- Өткізу нысаны бойынша әртүрлі.

8. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер. Барлық талаптарға сәйкес, кемшіліктер мен ескертулер жоқ. Бағдарлама мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, оның талаптарына сәйкес жасалынған. Оқушылардың нақты мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын есепке ала отырып, олардың қызығушылық әрекеттерін қамтыған.

9. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар. Бұл бағдарлама бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында қолдануға өте тиімді құрал. (апробациялау, жалпылау, тарату, жариялау, бекіту, аттестаттау, кемшіліктерді жою, пысықтау, бекіту және т. б.). Ескертулер жоқ. Маңыздылығы, нәтижелілігі айқындалған. Білім алушылардың жас шамасы ескерілген, білім деңгейлеріне сай жасалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дисертация. Еркишева Ж.С. «Орта мектеп оқушыларын мәтінді есептерді шығаруға үйрету арқылы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі»: – Түркістан. – 2022ж., –34б.

2. Табыс Н. «Математикалық олимпиада және логика»: – Астана–2018ж., –36 - 37 б.

3. Сағымбекова П.С., Тортаева А.С., Тлеубаева Э.Ы. «Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі» оқу құралы: –Тараз – 2016ж. –122-128б.

4. Телгозиева Г. Б., Досбайева Ж.П., Сатышева Э.Н., Лесова З.Ж. «Қызықты математика әлемі»: –ҚР «Өркениет» ҒӘО – 2021ж. –29б.

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Әдістемелік нұсқау хат»: – Астана–2023ж. – 69-70б.

6. Ақпаева Ә.Б.,Лебедева Л.А.,Мыңжасарова М.Ж.,Лихобабенко Т.В. «Математика» 4-сынып – Алматы –2023ж. – 79-85 б.

7. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар»: –Алматы. – 2014ж. – 64-78б.

8. Жуманова Р.М. «Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқу процесінде әдіс-тәсілдерді тиімді қолданудың ерекшеліктері»: –Шымкент–2019ж. – 6,39б.

9. «Зерделі» ақыл – ой дамыту мектебі. «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған Республикалық математикалық олимпиадасының қорытынды жинағы: – Астана –2023ж. –13б.

Алимбаева Айнур Мадалиевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№79 жалпы орта білім беретін мектебі
Шымкент қаласы



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ГРАММАТИКАСЫН ДАМЫТУ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Түсінік хат

Тіл қашанда ұлт мәдениетінің, өнер-білімнің ұлы қаруы, алтын тұғыры саналатындықтан, қазақ тілі мен әдебиетінің келешек көкжиектері білім беру ұйымдарының қазіргі таңдағы оқытылу жайынан бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда курс оқушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік береді, интелектуалдық деңгейін биіктетеді. Қазақ тілінен жүргізілетін практикалық жұмыстарға қойылатын талап ерекше. Практикалық сабақта әр оқушының белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл оқушының қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар оқушының білімді шала түсінген тұстарын практика жүзінде нақтылауда атқаратын қызметі зор.

Бағдарлама 34 сағатқа құрылған. Оқушыларды теориялық алған білімдерін пайдалана отырып, сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырып сәйлеуге үйрету үшін. 4 сыныпқа арналған бағдарламаға сәйкес сабақ жоспарларында жаттығулар ұсынылады.

Бағдарламада берілген жаттығуларды іріктеу кезінде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерумен бірге, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында грамматикалық тапсырмаларды мүмкіндігінше түрлендіріп беру жағына көңіл бөлінді. Сондай-ақ, түрлі жағдаяттарға байланысты диалогтар, басталған сөйлемді аяқтау, берілген тірек сөздерді пайдалана отырып мәтін жазу, ойлау белсенділіктерін шыңдайтын қисынды сұрақтар берілді. Оқушылардың қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар да ұсынылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Ұсынып отырған бағдарламамыз мұғалімдер қауымына арналған.

Өзектілігі: Тіл дамыту сабақтарын сапалы әрі түрлендіріп өткізу оқушы тілін ұштай түсетіні ақиқат. «Қазақ тілі грамматикасы» курсы оқушылардың білім деңгейін арттырып қана қоймай, мәтінді оқып, түсініп, сұрақтарға жауап беріп, мәтінді мазмұндап, негізгі ойын анықтап, мәтіндегі сөйлемдердің мағынасын сақтай отырып басқаша құрастыру, толықтыру, таратып жазу және бұдан да күрделі тапсырмалар оқушылардың шығармашылық (креативті) ойын дамытатыны анық.

Мақсаты: Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интелектуалдық деңгейін арттыру, қазақ тілінде еркін сәйлеуге үйрету.

Міндеттері:

1.Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және бағдарламалық білім, білік дағдыларын қалыптастыру, мазмұнын тереңдету;

2. Оқушының пәнге деген тұрақты қызығушылығын тудыру.

3.Оқу материалдары арқылы ана тілін жетік меңгерген ұлтжанды тұлға қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Қазақ тілінде мәтін, жаттығуларды орындай отырып, сөз байлықтары мен сөздік қорлары, сөйлеу тілдері дамиды. Ауызша және жазбаша қазақ тілінің қызметі ерекшеліктерін айқындай алады. Қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриоттық сезімдері қалыптасады.

Оқушылар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеріп үйренеді, функционалдық сауаттылығы дамиды.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Лексика және грамматика саласында тілдік білімдерін меңгеруі тиіс:

- сөздің мағыналарын айыра біледі, оларды сөйлеу тілінде еркін қолданады;
- өз бетімен оқи білуі, түсінуі және түрлі мәтіндерді талдай білуі тиіс. Қажетті ақпаратты ала білуі және оқығандарына баға бере білуі тиіс:
- оқыған мәтіндеріне сапалық жағынан талдау жасайды.
- сөздердің синонимдік, антонимдік, омонимдік сипатын таңдап қолданады;
- қазақ тілінде монолог, диалог түрінде пікірлеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш.К.Бектұров «Қазақ тілі»
2. ҚР «Білім туралы Заңы».
3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
4. Еуропалық стандарт негізінде қазақ тілін деңгейлеп оқыту бағдарламасы - 2013.
5. Қ. Абинова «Қазақ тілінен дидиактикалық материалдар» (орыс мектебінің 5-7 сыныптарына әдістемелік құрал) Алматы 1996 жыл.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәні бойынша әдістемелік нұсқаулық» Тусупбекова А.М. Қарағанды- 2013 жыл.
7. Қазақ тілі мен әдебиеті Бәйшешек. I,II бөлім. 7-сынып Ф.Ш. Оразбаева, Ж.Т. Дәулетбекова, Р.С. Рахметова, А.Қ. Рауандина, Б.Қ. Мукеева .
8. Тіл ұстарту мәтіндері. 3-4 сынып Ж.Адамбаева Алматы «Рауан»1997
9. Қазақ тілі. 4- сынып оқулықтары. Алматы «Рауан» 1993
10. Білім беру бағдарламалары орталығы. НЗМ. Қазақ тілі – 4-сынып Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша оқу-әдістемелік құрал (Т 1) Астана-2020

Дарибаева Шолпан Егентайкызы
Учитель русского языка
КГУ "Специальная школа-интернат №3" Управления образования Туркестанской области



ЗНАЧЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль и потенциал цифровых образовательных технологий в процессе преподавания русского языка в инклюзивных классах. Анализируются возможности адаптации учебного материала для обучающихся с особыми образовательными потребностями (ООП), роль ассистивных технологий и цифровых инструментов в формировании инклюзивной среды, способствующей повышению мотивации и доступности качественного лингвистического образования.

Введение

Современная система образования характеризуется переходом к инклюзивной модели, где обучение детей с различными образовательными потребностями происходит в едином образовательном пространстве. Преподавание русского языка в таких условиях требует поиска эффективных методик, позволяющих учитывать психофизические особенности каждого ученика. Цифровые технологии выступают не просто как вспомогательный инструмент, а как фундаментальный фактор, способствующий выравниванию возможностей и индивидуализации обучения.

1. Цифровизация как инструмент персонализации обучения

Главная проблема инклюзии при изучении русского языка — разный темп усвоения материала (орфографии, синтаксиса, лингвистического анализа). Цифровые технологии решают эту проблему через:

Адаптивные обучающие платформы: Системы, которые автоматически подстраивают уровень сложности заданий под текущие навыки ребенка, позволяя ученикам с ООП работать в собственном темпе без психологического стресса.

Интерактивные упражнения: Использование игровых механик (геймификация) помогает поддерживать высокую мотивацию у детей с особенностями концентрации внимания (например, при СДВГ).

2. Ассистивные технологии и доступность контента

Для учеников с нарушениями зрения, слуха или опорно-двигательного аппарата цифровые технологии являются «окном» в образовательный контент:

Средства визуализации: Использование мультимедийных презентаций, видеоуроков с сурдопереводом и субтитрами делает объяснение грамматических правил доступным для детей с нарушениями слуха.

Текстовые процессоры с поддержкой речи: Для детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата или дислексией специальные программы-редакторы позволяют озвучивать написанный текст или, наоборот, преобразовывать устную речь в текст, что критически важно для развития письменной грамотности.

Электронные словари и корректоры: Эти инструменты снимают барьер боязни совершить ошибку, позволяя ребенку фокусироваться на выражении мысли, а не только на механическом написании слов.

3. Формирование коммуникативной компетенции в инклюзивной среде

Изучение русского языка направлено прежде всего на развитие коммуникации. Цифровые инструменты позволяют организовать среду для взаимодействия:

Совместная работа в облачных сервисах: Работа над общими проектами (презентациями, мини-исследованиями) учит детей взаимодействовать друг с другом, снимая социальные барьеры.

Виртуальные экскурсии и дискуссионные площадки: Возможность «посетить» музеи или поучаствовать в онлайн-форумах расширяет кругозор и обогащает лексический запас, что особенно важно для социальной адаптации детей с ООП.

4. Роль педагога в цифровой инклюзивной среде

Внедрение цифровых технологий меняет роль учителя. Педагог превращается в фасилитатора, который:

Отбирает программное обеспечение, соответствующее конкретным медицинским показаниям и педагогическим целям.

Создает условия для безопасного цифрового взаимодействия.

Обеспечивает баланс между «цифровым» и «живым» общением, так как язык — это прежде всего живое человеческое взаимодействие.

Заключение

Цифровые технологии в обучении русскому языку в условиях инклюзии являются мощным катализатором доступности образования. Они позволяют снять многие барьеры, связанные с физическими или ментальными особенностями развития, и обеспечивают каждому ученику право на качественное обучение. Однако успех инклюзии зависит не только от наличия гаджетов, но и от профессиональной готовности педагога к интеграции цифровых решений в повседневную методическую практику. Будущее лингвистического образования в инклюзивной среде лежит на стыке высоких технологий и гуманистического подхода к личности ребенка.

Список использованной литературы (рекомендуемый)

1. Алехина С. В. Инклюзивное образование: история и современность. — М., 2022.
2. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании. — М., Академия, 2021.
3. Малофеев Н. Н. Специальное образование в меняющемся мире. — М., 2023.

Ниятова Улбала Куандыковна
Тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
№79 жалпы орта білім беретін мектеп
Шымкент қаласы



ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ: ҰЛТТЫҚ ЖАДЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ

Түсінік хат

Қазіргі жаһандану жағдайында тарихи білім тек өткенді тану құралы ғана емес, ұлттық бірегейлікті сақтау, тарихи жадыны жаңғырту және азаматтық сананы қалыптастырудың маңызды тетігіне айналып отыр. Осы авторлық бағдарлама Қазақстан тарихын ұлттық жады, тарихи сана және қазіргі қоғам контексінде зерделеуге бағытталған.

Бағдарлама оқушылардың:

- тарихи оқиғаларды қазіргі әлеуметтік үдерістермен байланыстыра талдауына.
- тарихи жадының қоғамдағы рөлін түсінуіне.
- дереккөздермен, медиамәтіндермен, цифрлық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның өзектілігі

Қазіргі жаһандану үдерістерінің қарқынды дамуы, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі және қоғам өміріндегі әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайында Қазақстан тарихын оқытудың мазмұны мен бағыттарын жаңаша қарастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Жастардың тарихи санасын қалыптастыру, ұлттық жадыны сақтау және оны қазіргі қоғамдық үдерістермен сабақтастыра түсіндіру – бүгінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, тарихты тек хронологиялық деректер жиынтығы ретінде емес, ұлттың тарихи тәжірибесін, құндылықтарын және қоғамдық даму жолын айқындайтын рухани-мәдени феномен ретінде зерделеу қажеттілігі туындайды. Қазақстан қоғамында ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және өткенге сыни көзқараспен қарау мәселелері күн тәртібінде тұр. Тәуелсіздік жылдарында тарихи жадыны қайта жаңғырту, бұрын жабық болған тақырыптарды ғылыми тұрғыдан талдау, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға объективті баға беру қажеттілігі артты. Сонымен қатар, медиакеңістікте тарихтың әртүрлі интерпретацияларының, кейде бұрмаланған немесе үстірт ақпараттың таралуы оқушылардың тарихи ақпаратты саралап қабылдау дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Осы авторлық бағдарлама Қазақстан тарихын ұлттық жады және қазіргі қоғам тұрғысынан жүйелі түрде зерделеуге бағытталып, оқушылардың тарихи ойлауын, азаматтық жауапкершілігін және сыни көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Бағдарлама мазмұны оқушылардың тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қазіргі әлеуметтік, мәдени және саяси үдерістермен байланыстыра талдауына жағдай жасап, олардың қоғам өміріне саналы түрде 5 араласатын, ұлттық құндылықтарды қадірлейтін тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Бағдарламаның жаңашылдығы

Ұсынылып отырған авторлық бағдарламаның жаңашылдығы Қазақстан тарихын оқытуды дәстүрлі фактологиялық және хронологиялық шеңберден шығарып, оны ұлттық

жады мен қазіргі қоғамдық үдерістердің өзара байланысы тұрғысынан кешенді түрде қарастыруымен сипатталады.

Бағдарлама мазмұнында тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тек өткен уақыттың дерегі ретінде емес, қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік, мәдени және саяси дамуымен сабақтастыра талдауға басымдық беріледі.

Бағдарламаның маңызды жаңалығы – тарихи жады ұғымын негізгі мазмұндық өзек ретінде алып, оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда оны әдіснамалық құрал деңгейіне көтеруі. Бұл тәсіл оқушыларға тарихи тәжірибені ұлттың рухани капиталы ретінде түсінуге, өткен мен бүгін арасындағы себеп - салдарлық байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бағдарламада XX ғасырдың күрделі кезеңдері мен тәуелсіздік дәуіріндегі тарихи өзгерістерге сыни көзқараспен қарау арқылы тарихи әділеттілік пен объективті бағалауға мән беріледі.

Бағдарламада оқыту процесі зерттеушілік, жобалық және проблемалық оқыту технологияларымен ұштасып, оқушылардың дербес ойлауын, талдау және интерпретация жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Тарихи дереккөздермен қатар медиамәтіндер мен цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың медиасауаттылығын арттырып, тарихи ақпаратты түрлі форматта қабылдау және салыстыру дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарлама Қазақстан тарихын оқытуда мазмұндық, әдістемелік және құндылықтық тұрғыдан жаңаша көзқарас ұсынып, оқушыларды ұлттық құндылықтарды түсінетін, тарихи жадысы қалыптасқан және қазіргі қоғамда өз азаматтық ұстанымын саналы түрде білдіре алатын тұлға ретінде тәрбиелеуге бағытталады.

Бағдарламаның мақсаты

Оқушыларда Қазақстан тарихы негізінде ұлттық жады, тарихи сана және қазіргі қоғам арасындағы сабақтастықты түсіндіру арқылы азаматтық позиция мен сыни ойлау қабілетін қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның негізгі міндеттері төмендегідей:

•Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен маңызды оқиғаларын ұлттық жады тұрғысынан жүйелі түрде меңгерту;

• тарихи сана мен ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерістерін түсіндіру, тарихи жадының қоғамдағы рөлін ашу;

• тарихи дереккөздермен (құжаттар, естеліктер, статистикалық материалдар) және медиамәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

• тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік, мәдени және саяси үдерістермен байланыстыра талдау қабілетін дамыту;

• оқушылардың сыни ойлауын, салыстыру, дәлелдеу және қорытынды жасау біліктерін жетілдіру;

• зерттеушілік және жобалық әрекет арқылы өздігінен білім алу дағдыларын дамыту;

• тарихи шындықты бұрмаланған немесе үстірт ақпараттан ажырата білу, медиасауаттылықты қалыптастыру;

• азаматтық жауапкершілік, патриоттық сана және ұлттық құндылықтарды құрметтеу сезімін тәрбиелеу;

• оқушылардың тарихи білімін өмірлік тәжірибемен ұштастырып, қоғамдық мәселелерге саналы көзқарас қалыптастыру.

Педагогикалық бағыттылығы

«Қазақстан тарихы: ұлттық жады және қазіргі қоғам» авторлық бағдарламасының педагогикалық бағыттылығы оқушылардың тарихи білімін тереңдетумен қатар, олардың тұлғалық, азаматтық және әлеуметтік құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны білім алушыны оқыту үдерісінің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, оның тарихи ойлауын, дүниетанымын және азаматтық позициясын дамытуға негізделеді.

Бағдарлама тұлғаға бағытталған оқыту қағидаттарына сүйене отырып, әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын және танымдық қабілеттерін ескеруді көздейді. Тарихи мазмұн оқушылардың өмірлік тәжірибесімен және қазіргі қоғамдық мәселелермен сабақтастырыла отырып ұсынылады, бұл білімнің практикалық маңызын арттырады және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді. Педагогикалық тұрғыдан бағдарлама құзыреттілікке негізделген оқытуға бағытталып, тарихи деректерді талдау, салыстыру, бағалау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруды басты мақсат етеді. 7 Зерттеушілік және жобалық әрекеттер арқылы оқушылардың өздігінен білім алу, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау және қорытынды жасау қабілеттері дамытылады. Бұл тәсіл оқушылардың жоғары сынып деңгейіне сәйкес интеллектуалдық және әлеуметтік жетілуіне ықпал етеді.

Бағдарлама азаматтық-патриоттық тәрбиеге басымдық бере отырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, тарихи жадыны сақтау және қоғамдық жауапкершілікті сезіну сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Қазақстан тарихын ұлттық жады контексінде зерделеу оқушылардың ел тағдырына бейжай қарамайтын, тарихи тәжірибеден сабақ ала білетін, қазіргі қоғамда белсенді азаматтық ұстаным таныта алатын тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайды.

Бағдарламаның ғылымилығы

«Қазақстан тарихы: ұлттық жады және қазіргі қоғам» авторлық бағдарламасының ғылымилығы тарихи білім берудің қазіргі ғылымитеориялық жетістіктеріне, отандық және шетелдік тарихнамадағы тұжырымдамаларға, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың пәнаралық әдіснамасына негізделуімен айқындалады.

Бағдарлама мазмұны тарихи деректердің ғылыми дәлелділігі мен объективтілігін сақтай отырып, тарих ғылымында қалыптасқан ұғымдар, категориялар және зерттеу тәсілдері арқылы жүйеленіп ұсынылады. Бағдарламада ұлттық жады, тарихи сана, тарихи тәжірибе сияқты ұғымдар қазіргі тарихнама мен мәдениеттану, әлеуметтану салаларындағы ғылыми зерттеулер негізінде түсіндіріледі.

Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен мәселелері ғылыми айналымға енген дереккөздерге, ресми құжаттарға, академиялық еңбектерге сүйене отырып қарастырылады. XX ғасырдағы күрделі тарихи үдерістерді зерделеуде плюралистік және сыни көзқарас ұстанымдары сақталып, тарихи құбылыстарды біржақты бағалаудан аулақ болу көзделеді.

Бағдарламаның ғылымилығы оқушылардың тарихи білімді дайын күйінде қабылдауымен шектелмей, тарихи деректерді талдау, салыстыру, интерпретациялау және ғылыми қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруымен де көрінеді.

Зерттеушілік және проблемалық оқыту элементтерін енгізу арқылы оқушылардың ғылыми ойлау мәдениеті дамытылып, тарихи танымның заңдылықтары мен себеп-салдарлық байланыстарын түсінуіне жағдай жасалады.

Бағдарлама Қазақстан тарихын оқытуда ғылыми дәлдікке, теориялық негізділікке және әдіснамалық жүйелілікке сүйене отырып, оқушылардың 8 тарихи білімін тереңдетуге және ғылыми көзқарасын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама келесі ғылыми ұстанымдарға негізделеді:

- тарихи жады теориясы (П. Нора);
- өркениеттік және мәдени-тарихи тәсіл;
- құзыреттілікке негізделген оқыту;
- конструктивистік және зерттеушілік оқыту.

Бағдарламаның практикалық маңыздылығы

«Қазақстан тарихы: ұлттық жады және қазіргі қоғам» авторлық бағдарламасының практикалық маңыздылығы оның оқушылардың нақты өмірлік және оқу-танымдық қажеттіліктеріне бағытталуымен айқындалады. Бағдарлама мазмұны тарихи білімді тек теориялық деңгейде меңгерумен шектелмей, оны қазіргі қоғамдық үдерістерді түсінуде, әлеуметтік құбылыстарды бағалауда және азаматтық позиция қалыптастыруда қолдануға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқушылар тарихи дереккөздермен, архив материалдарымен, статистикалық мәліметтермен және медиамәтіндермен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгереді. Бұл дағдылар олардың ақпаратты талдау, салыстыру, дәлелдеу және қорытынды жасау қабілеттерін дамытып, оқу мен күнделікті өмірде кездесетін түрлі ақпарат көздеріне сыни көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Практикалық жұмыстар, зерттеу тапсырмалары және жобалық әрекеттер арқылы оқушылар өз білімін нақты өнім түрінде ұсына алады (презентация, зерттеу жұмысы, эссе, медиажоба). Мұндай жұмыс формалары оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін, топта жұмыс істеу мәдениетін және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау білігін жетілдіреді. Сонымен қатар бағдарлама мектепішілік ғылыми жобаларға, дебаттарға, пәндік олимпиадаларға және ҰБТ-ға дайындық барысында тарихи білімді тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Бағдарлама мазмұны жоғары сынып оқушыларының болашақ кәсіби бағдарын айқындауда да практикалық мәнге ие. Тарихи талдау, зерттеу және сыни ойлау дағдылары құқық, журналистика, саясаттану, халықаралық қатынастар, педагогика сияқты әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарда білім алуға негіз қалайды. Осылайша, бағдарлама оқушылардың тарихи білімін өмірлік тәжірибемен ұштастырып, оларды қоғамда белсенді, саналы және жауапты азамат ретінде қалыптастыруға нақты үлес қосады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде 11-сынып оқушылары төмендегідей нәтижелерге қол жеткізеді:

Білімдік нәтижелер:

- Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен маңызды оқиғаларын ұлттық жады тұрғысынан біледі және түсінеді;
- тарихи сана, ұлттық жады, тарихи тәжірибе сияқты негізгі ұғымдардың мәнін аша алады;
- Қазақстан тарихындағы XX–XXI ғасырлардағы маңызды әлеуметтіксаяси үдерістердің мәнін түсіндіреді.

Танымдық және зияткерлік нәтижелер:

- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды себеп–салдарлық байланыста талдай алады;
- тарихи деректерді салыстыру, жүйелеу және интерпретациялау біліктерін меңгереді;
- тарихи ақпаратты ғылыми тұрғыдан бағалап, негізделген қорытынды жасай алады.

Практикалық нәтижелер:

- жазбаша және ауызша тарихи талдау, эссе, презентация, зерттеу жұмыстары түрінде өз ойын сауатты жеткізеді;
- медиамәтіндер мен цифрлық ресурстардағы тарихи ақпаратты сыни тұрғыдан талдайды;
- тарихи тақырыптар бойынша жобалық және зерттеушілік жұмыстар орындайды.

Құндылықтық және тұлғалық нәтижелер:

- ұлттық құндылықтарға, тарихи мұраға және тарихи жадыға құрметпен қарайды;
- Қазақстанның тарихи даму жолын түсіне отырып, азаматтық жауапкершілік пен патриоттық ұстаным қалыптастырады;
- қоғам өміріндегі тарихи тәжірибенің маңызын түсініп, өз көзқарасын саналы түрде білдіре алады.

Коммуникативтік және әлеуметтік нәтижелер:

- пікірталас пен талқылау барысында өз көзқарасын дәлелдеп, өзгелердің пікірін құрметтейді;
- топтық жұмыс барысында ынтымақтастықта әрекет етеді;
- тарихи мәселелер бойынша қоғамдық диалогқа қатысу дағдыларын меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аяған Б. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Атамұра, 2019.

2. Әбіл Е. Ұлттық жады және тарихи сана. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
3. Әбусейітова М. Х. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы, 2018.
4. Бижанова Қ. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының күрделі мәселелері. – Алматы, 2017.
5. Есім Ғ. Ұлт рухы және тарихи сана. – Алматы: Фолиант, 2016.
6. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Санат, 2015.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Арыс, 2019.
8. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2013.
9. Нора П. История и память. – Москва: Новое литературное обозрение, 2014.
10.Сабыров Қ. Қазақстан тарихын оқытудың әдістемесі. – Алматы, 2021.
11.Султангалиева Г. Тәуелсіз Қазақстан тарихының мәселелері. – Алматы, 2020.
12.Тұрсын Х. Қазақ мемлекеттілігі: тарих және тағылым. – Астана, 2018.

Джуматаева Саулекуль Болгамбаевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
№79 жалпы орта білім беретін мектеп
Шымкент қаласы



САНДЫҚ АМАЛДАР МЕН ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАРДЫ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАЛАР, ПАЗЛДАР ЖӘНЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ТҮСІНДІРУ

Кіріспе

Бастауыш сыныптарда математика пәні оқушылардың алғашқы білім алу кезеңіндегі ең маңызды пәндердің бірі болып табылады. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлау, кеңістіктік қиял және проблемаларды шешу қабілеттерін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, заманауи ақпараттық технологиялар мен интерактивті құралдарды қолдану оқыту процесін қызықты әрі тиімді ете отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруда үлкен мүмкіндік береді.

Осы әдістемелік құрал интерактивті тақталар, пазлдар және ойын элементтерін пайдалану арқылы сандық амалдар мен геометриялық фигуралар ұғымын оқушыларға түсіндіруге бағытталған. Интерактивті тақталар динамикалық визуализация мен анимация арқылы математикалық амалдардың орындалуын көрсетіп, есептерді шешу барысында оқушылардың қателіктерін жедел түзетуге мүмкіндік береді. Ал пазлдар мен ойын элементтері арқылы оқушылар фигуралардың құрылымын, қасиеттерін танысып, топтық жұмыс пен шығармашылық ойлауды дамытуға жағдай жасайды.

Зерттеулер көрсеткендей, интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, материалды терең әрі ұзақ мерзімді меңгеруге ықпал етеді. Мұндай тәсілдер оқу процесін әр баланың жеке мүмкіндіктеріне бейімдеп, оқу барысында туындайтын

қиындықтарды жоюға, сонымен қатар, топтық жұмыс пен коммуникация дағдыларын дамытуға септігін тигізеді.

Осы әдістемелік құралды енгізу арқылы мұғалімдер математика пәнінің негізгі ұғымдарын оқушыларға қызықты әрі түсінікті түрде жеткізіп, оқу процесін заманауи технологиялармен үйлестіре алады. Нәтижесінде, балалардың шығармашылық қабілеттері, аналитикалық ойлау дағдылары және ақпараттық технологияларды меңгеруі артатын болады.

Мақсаты

Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін меңгеруде интерактивті әдістерді пайдалану арқылы оқудың қызығушылығын арттыру, оқушылардың логикалық, аналитикалық және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Осы әдістемелік құралдың негізгі мақсаты:

Математикалық ұғымдарды терең түсіну: Сандық амалдар мен геометриялық фигураларды интерактивті тақталар, пазлдар және ойын элементтері арқылы визуализациялау, нақты мысалдар мен практикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың ұғымдарды өз бетінше меңгеруін қамтамасыз ету.

Практикалық дағдыларды жетілдіру: Есеп шығарудың әртүрлі амалдарын игеру, математикалық есептерді шешуде шығармашылық әдістерді қолдану арқылы практикалық дағдыларды нығайту.

Топтық жұмыс пен коммуникацияны дамыту: Оқушылардың топтық тапсырмалар мен ойындық жаттығулар арқылы бірлесіп жұмыс істеу, өзара пікір алмасу және ынтымақтастық жасау дағдыларын дамыту.

Ақпараттық технологияларды игеру: Заманауи интерактивті құралдар мен әдістерді қолдану арқылы ақпараттық технологиялар саласындағы біліктілікті қалыптастыру, жаңа құралдарды тиімді пайдалану дағдыларын меңгеру.

Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру: Оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету, сабақ барысында мотивация мен қызығушылықты арттыру, білімді ойын-сауық элементтері арқылы жеңіл әрі есте қаларлық ету.

Зерттеу өзектілігі

Бастауыш сыныптарда математика пәнінің негіздерін оқытуда оқушылардың логикалық және кеңістіктік ойлау қабілеттерін қалыптастыру аса маңызды. Заманауи ақпараттық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану оқу процесінің тиімділігін арттыруға және балалардың пәнге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақталар, пазлдар және ойын элементтері арқылы сабақ материалын визуалды түрде көрсету оқушылардың назарын аударып, математикалық ұғымдарды тереңірек меңгеруге септігін тигізеді. Зерттеулер көрсеткендей, осындай әдістерді қолдану барысында оқушылардың қателіктерін жедел түзету, түсініксіз тұстарды анықтау және әр баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру оң нәтижелерге әкеледі.

Сонымен қатар, заманауи интерактивті құралдар оқушылардың топтық жұмыс дағдыларын, коммуникация қабілеттерін және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде, болашақта күрделі математикалық мәселелерді шешуге, логикалық анализ жүргізуге және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға негіз қалайды.

Әдістемелік құралдың өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінің талаптарын ескере отырып, оқушылардың сандық амалдар мен геометриялық фигураларды игеруіне, сондай-ақ, интерактивті технологиялар арқылы оқыту процесін жаңғырту қажеттілігін растайды. Бұл тәсілдердің енгізілуі білім сапасын арттыруға, оқушылардың белсенділігін күшейтуге және пәнді игеруді жеңілдетуге бағытталған заманауи педагогикалық үрдістердің бірі болып табылады.

Күтілетін нәтижелер

- **Математикалық ұғымдарды толық меңгеру:**
- Сандық амалдар мен геометриялық фигураларды терең және визуалды түрде түсіну;
- Әрбір математикалық ұғымның практикалық қолданылуын және өзара байланысын анық білу.

• **Практикалық дағдылардың дамуы:**

• Интерактивті тақтадағы тапсырмалар мен ойын элементтері арқылы нақты есеп шығару әдістерін меңгеру;

• Тапсырмаларды өз бетімен және топтық жұмыс арқылы шешу дағдыларының қалыптасуы.

• **Шығармашылық пен ынтымақтастықтың артуы:**

• Оқушылардың өз идеяларын еркін білдіруі және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;

• Топтық жобалар мен ойындар арқылы бірлесіп жұмыс жасау қабілетін нығайту.

• **Ақпараттық технологияларды меңгеру:**

• Заманауи құралдарды пайдалану арқылы ІСТ дағдыларының дамуы;

• Интерактивті программалар мен қосымшаларды тиімді қолдана отырып, сандық сауаттылықты арттыру.

• **Оқу процесінің тиімділігі мен мотивациясының жоғарылауы:**

Сонымен бірге эмоциялық ерік саласын дамытуда тұлғаның құндылық бағдарларын қалыптастыру ерекше маңызға ие. Баланың ішкі мотивациясы, өмірлік мақсаттары мен ұстанымдары оның ерік сапаларының дамуына тікелей ықпал етеді. Осы тұста құндылыққа

бағытталған тәрбиелік жұмыстар, рефлексивтік әңгімелер, өмірлік жағдаяттарды талдау әдістері оқушылардың ішкі дүниесін байытып, олардың саналы әрекет етуіне негіз болады.

Осы тұста мектеп жағдайында эмоциялық ерік саласын дамытуда әлеуметтік интеллект ұғымы да маңызды орын алады. Әлеуметтік интеллект адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуін, олардың эмоцияларын түсінуін және әлеуметтік жағдайларға бейімделуін қамтиды. Сонымен қатар бұл қабілеттер оқушылардың топтық жұмыс барысында тиімді қарым қатынас орнатуына, көшбасшылық қасиеттерін дамытуына және конфликтілерді конструктивті шешуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар эмоциялық ерік саласын дамытуда когнитивті мінез құлықтық тәсілдерді қолдану тиімді болып табылады. Бұл әдістер оқушылардың теріс ойлау үлгілерін анықтап, оларды оң бағытқа өзгертуге бағытталған. Осы тұста өзін өзі бақылау, ішкі диалогты реттеу, мақсат қою және оған жету стратегияларын меңгеру оқушылардың психологиялық тұрақтылығын арттырады.

Сонымен бірге қазіргі білім беру кеңістігінде эмоционалдық күйзеліс пен күйіп кету синдромының (эмоционалдық burnout) алдын алу мәселесі де өзекті болып отыр. Оқушылардың оқу жүктемесінің артуы, әлеуметтік қысым, бәсекелестік орта олардың психоэмоциялық жағдайына әсер етеді. Осы тұста педагог психолог стресс менеджмент әдістерін, релаксациялық техникаларды, эмоционалдық қолдау бағдарламаларын енгізу арқылы алдын алу жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Осы тұста эмоциялық ерік саласын дамытуда ойын технологияларының мүмкіндіктері кеңінен қолданылуы тиіс. Рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар, ситуациялық тапсырмалар оқушылардың эмоцияларын басқаруға, шешім қабылдауға және жауапкершілік алуға үйретеді. Сонымен қатар ойын форматы оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін тиімді етеді.

Сонымен қатар мектептегі білім беру процесінде рефлексия мәдениетін қалыптастыру эмоциялық ерік саласының дамуына ықпал етеді. Оқушылар өз әрекеттерін талдап, өз жетістіктері мен қиындықтарын бағалай отырып, өзін өзі дамытуға бағыт алады. Осы тұста күнделік жүргізу, өзін өзі бағалау парақтары, топтық талқылаулар тиімді құрал болып табылады.

Педагог психологтың қызметінде профилактикалық бағдарламаларды жүйелі түрде енгізу маңызды. Эмоциялық қиындықтардың алдын алу, агрессивті мінез құлықтың төмендеуі, әлеуметтік бейімделудің жақсаруы – бұл бағдарламалардың негізгі нәтижелері болып табылады. Осы тұста кешенді тәсілдерді қолдану тиімділікті арттырады.

Эмоциялық ерік саласын дамытуда мәдени факторларды ескеру де маңызды. Әрбір оқушының тәрбиелену ортасы, ұлттық құндылықтары, әлеуметтік тәжірибесі оның эмоциялық реакцияларына әсер етеді. Сонымен қатар бұл факторларды ескеру педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін арттырады.

Осылайша, эмоциялық ерік саласын дамыту – оқушылардың тұлғалық қалыптасуының маңызды бағыты болып табылады. Сонымен қатар бұл процесс кешенді, жүйелі және ғылыми негізделген тәсілді талап етеді. Осы тұста педагог психологтың кәсіби қызметі оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, олардың өмірлік табыстылығына негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл, 2005. – 1136 с.
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Академия, 2004. – 352 с.
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – СПб.: Питер, 2008. – 400 с.
4. Beck A.T. Cognitive Therapy and the Emotional Disorders. – New York: Penguin, 1979. – 356 p.
5. OECD. Skills for Social Progress. – Paris, 2015. – 140 p.
6. ҚР Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020. – 120 б.

Елемесова Гулжайсан Исембаевна
Учитель истории
КГУ «Новеньковская СОШ»
Западно-Казахстанская область район Бәйтерек



РОЛЬ КРАЕВЕДЧЕСКИХ ПРОЕКТОВ В ФОРМИРОВАНИИ ПАТРИОТИЗМА И ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ

В современных условиях образования особую значимость приобретает формирование у учащихся не только предметных знаний, но и универсальных компетенций, таких как критическое мышление, исследовательские навыки и гражданская ответственность. Одним из эффективных инструментов достижения этих целей является проектная деятельность, в частности краеведческие проекты.

Краеведение позволяет учащимся глубже понять историю и культуру родного края, способствует формированию личностной связи с малой родиной и развитию патриотических чувств.

В мировой педагогической практике широко используется подход Project-Based Learning (PBL), направленный на активное вовлечение учащихся в процесс обучения через решение практических задач. Исследования показывают, что проектная деятельность способствует развитию самостоятельности, ответственности и навыков анализа информации.

Краеведческие проекты являются одной из форм реализации данного подхода, позволяя соединить теоретические знания с практическим опытом.

В рамках исследования был реализован проект «Моя малая родина», в котором учащиеся занимались изучением истории своего населённого пункта.

Этапы работы:

1. Сбор информации (архивные материалы, интервью, фотографии)
2. Анализ и систематизация данных
3. Создание макета населённого пункта
4. Подготовка и защита проекта

Проект носил практико-ориентированный характер и предполагал активное участие учащихся на всех этапах.

Результаты исследования

В ходе реализации проекта были достигнуты следующие результаты:

- Учащийся занял призовое (2 место и 3 место) на областном уровне два года подряд
- Повысился уровень исследовательских навыков
- Сформировались навыки работы с источниками информации
- Развились коммуникативные и презентационные навыки

Кроме того, учащиеся проявили высокий уровень заинтересованности и мотивации к изучению истории родного края.

Полученные результаты подтверждают эффективность краеведческих проектов как инструмента формирования ключевых компетенций учащихся. Практическая направленность проекта способствует более глубокому усвоению материала и развитию личностных качеств.

Особое значение имеет формирование патриотизма, который проявляется через осознание ценности родного края, уважение к его истории и культурному наследию.

Заключение

Краеведческие проекты являются эффективным средством формирования патриотизма и исследовательских компетенций учащихся. Их использование в образовательном процессе способствует развитию активной гражданской позиции и повышению качества обучения.

Практический опыт реализации проекта «Моя малая родина» подтверждает значимость данного подхода и его перспективность для дальнейшего внедрения в школьную практику.

Ескелдиева Айдана Мұхитқызы
Әдіскер
«Болашақ кемеңгер 2» бөбекжай балабақшасы
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ТЕАТР ТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы театрлық іс-әрекеттің маңызы қарастырылады. Театр түрлері арқылы баланың қиялы, сөйлеу дағдылары, эмоциялық әлемі мен әлеуметтік қарым-қатынасы қалыптасатыны талданады.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық дамуының ең маңызды сатысы. Осы кезеңде баланың шығармашылық қабілетін дамыту – тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі. Шығармашылық қабілет баланың еркін ойлауына, өзін-өзі көрсетуіне және қоршаған ортаны тануына мүмкіндік береді. Осы тұрғыда театрлық іс-әрекет ерекше орын алады.

Негізгі бөлім

Театрлық іс-әрекеттің мәні

Театр – баланың табиғи қажеттіліктеріне жақын әрекет түрі. Ол ойын арқылы жүзеге асады және баланың ішкі әлемін ашуға көмектеседі. Театрландырылған әрекет барысында бала кейіпкер рөлін сомдай отырып, өз эмоциясын білдіреді, түрлі жағдайларды елестетеді, шешім қабылдауға үйренеді.

Театр түрлері және олардың ерекшеліктері

1. Қуыршақ театры

Бұл театр түрі балалар арасында ең танымал. Қуыршақ арқылы бала кейіпкердің рөлін қауіпсіз ортада ойнайды. Бұл оның сенімділігін арттырады.

2. Саусақ театры

Саусаққа киілетін кішкентай кейіпкерлер арқылы балалар ұсақ моторикасын дамытады және сөйлеу дағдылары жетіледі.

3. Көлеңке театры

Жарық пен көлеңке арқылы қойылатын бұл театр балалардың қиялын дамытып, ерекше қызығушылық тудырады.

4. Драма театры (рөлдік ойындар)

Балалар өздері кейіпкерге айналып, сахналық қойылым жасайды. Бұл олардың өзін-өзі көрсетуіне, шығармашылық ойлауына ықпал етеді.

5. Маска театры

Маска кию арқылы бала өзін басқа кейіпкер ретінде сезінеді, бұл оның эмоциялық еркіндігін арттырады.

Шығармашылық қабілеттерді дамытудағы әсері

Театрлық іс-әрекет барысында балалар:

-қиялдау және елестету қабілетін дамытады;

-сөйлеу мәдениетін қалыптастырады;

-сахналық шеберлікке үйренеді;

-топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді;

-өз эмоциясын басқаруды үйренеді.

Тәрбиешіге ұсыныстар:

Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, театр түрін таңдау;

Қарапайым және түсінікті ертегілерді қолдану;

Балалардың еркіндігін шектемеу, өз ойларын айтуға мүмкіндік беру;

Қойылым барысында мадақтау мен қолдау көрсету;

Театр бұрышын ұйымдастыру (қуыршақтар, маскалар, декорациялар).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, театрлық іс-әрекет – мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы. Ол баланың жан-жақты дамуына ықпал етіп, тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады. Сондықтан балабақшада театр элементтерін жүйелі түрде қолдану – заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Мұхамедқалиев, Ә. Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда театрлық ойындар ұйымдастыру негіздері. Алматы: Білім, 2020.

2.Ахметова, Г. С. Балабақшадағы көркем шығармашылық және театрлық әрекеттер. Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2019.

3.Сейтқалиева, Л. К. Мектепке дейінгі жас балалардың шығармашылық дамуы. Алматы: ҚазБілім, 2021.

4.Ермекбаева, А. Ж. Балалардың актерлік қабілетін дамыту әдістемесі. Шымкент: Оқу, 2018.

5.Иванова, Н. П. Театрлық педагогика в дошкольном образовании. Москва: Просвещение, 2017.

6.Лебедева, Т. В. Развитие речи и актерское мастерство в детском саду. Санкт-Петербург: Детство, 2016.

7.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты (мектепке дейінгі ұйымдар). Нұр-Сұлтан, 2022.

Нусипжанова Умит Шариполлаевна
Тәрбиеші
«Болашақ кемеңгер 2» бөбекжай балабақшасы
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы



ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ: ТИІМДІ ӘДІСТЕР МЕН ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада ойын арқылы оқытудың маңызы, тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Ойын технологиясы балалардың танымдық белсенділігін арттырып, ойлау қабілетін, шығармашылығын және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мақалада дидактикалық, қимылды және рөлдік ойындарды оқу процесінде тиімді қолдану жолдары сипатталады. Ойын арқылы ұйымдастырылған оқу әрекеті баланың қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл әрі нәтижелі меңгеруіне ықпал етеді.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде баланың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Баланың білімге деген қызығушылығын арттыру үшін оқыту үрдісінде түрлі педагогикалық технологиялар қолданылады. Солардың ішінде ойын технологиясы ерекше орын алады. Ойын – баланың табиғи әрекеті, сондықтан оқу процесін ойынмен байланыстыру білімді тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Негізгі бөлім

Ойын арқылы оқыту барысында балалар жаңа білімді қызығушылықпен қабылдайды. Ойын баланың ойлауын, есте сақтауын, қиялын және сөйлеу тілін дамытады. Сонымен қатар балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, топпен жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Педагогикалық тәжірибеде ойын арқылы оқытудың бірнеше тиімді әдістері қолданылады:

Дидактикалық ойындар

Бұл ойындар білімді бекітуге және жаңа ұғымдарды меңгеруге көмектеседі. Мысалы: «Не артық?», «Суретті тап», «Қайда орналасқан?» ойындары балалардың логикалық ойлауын дамытады.

Қимылды ойындар

Қимылды ойындар балалардың денсаулығын нығайтып, олардың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар ептілік, жылдамдық, төзімділік қасиеттерін қалыптастырады.

Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар барысында балалар әртүрлі кейіпкерлердің рөлін сомдайды. Мысалы, «Дүкен», «Дәрігер», «Отбасы» сияқты ойындар балалардың өмірлік тәжірибесін кеңейтіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Ойын технологиясын тиімді қолдану үшін педагог:

- тапсырмаларды ойын түрінде ұйымдастыруы;
- көрнекі құралдарды пайдалану;
- топтық және жарыс элементтерін енгізу;
- балаларды мадақтау және ынталандыру тәсілдерін қолдануы қажет.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ойын арқылы оқыту – білім беру процесінің тиімді әдістерінің бірі. Ол балалардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологиясын жүйелі түрде қолдану білім беру сапасын арттыруға үлкен ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3. Василий Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1976.
4. Жан Пиаже. Баланың ойлау психологиясы. – Алматы: Рауан, 1994.
5. Лев Выготский. Ойлау және сөйлеу. – Алматы: Рауан, 1999.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. – Астана, 2022.

Алиева Жазира Бүркітқызы
Тәрбиеші
«Болашақ кемеңгер 2» бөбекжай балабақшасы
Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАС ЭКОЛОГТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жас эколог тұлғасын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылады. Ерте жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің мазмұны, әдістері мен формалары талданады. Балалардың табиғатқа деген танымдық қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру жолдары айқындалады. Сонымен қатар ойын әрекеті, бақылау, тәжірибе жүргізу сияқты әдістердің тиімділігі негізделеді. Зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Кіріспе

Қазіргі таңда экологиялық мәселелердің ушығуы қоғамның барлық саласына әсер етуде. Осыған байланысты экологиялық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық қасиеттері мен дүниетанымы қалыптасатын маңызды кезеңдердің бірі. Сондықтан балабақшада экологиялық тәрбие беру – өзекті педагогикалық міндет.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында педагогикалық бақылау, талдау, салыстыру және жинақтау әдістері қолданылды. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие беру тәжірибелері зерделенді.

Негізгі бөлім:

Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру олардың табиғатпен үйлесімді қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталады. Бұл үдеріс баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс.

Экологиялық тәрбиенің негізгі бағыттары:

-табиғат туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру;

-тірі және өлі табиғат нысандарын ажырату;

-табиғатты қорғауға бағытталған қарапайым дағдыларды дамыту;

-қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие берудің тиімді әдістеріне мыналар жатады:

Ойын әдісі – балалардың негізгі әрекеті ретінде экологиялық мазмұндағы ойындарды ұйымдастыру;

Бақылау әдісі – табиғаттағы өзгерістерді жүйелі түрде бақылау;

Тәжірибе жүргізу – қарапайым тәжірибелер арқылы табиғат құбылыстарын түсіндіру;

Еңбек әрекеті – өсімдіктерге күтім жасау, табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыру.

Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыруда экологиялық бұрыштар ұйымдастыру, серуен кезінде бақылау жүргізу, табиғатқа байланысты көркем әдебиеттер оқу маңызды рөл атқарады.

Нәтижелер мен талқылау:

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбиені жүйелі ұйымдастыру балалардың табиғатқа деген жағымды көзқарасын қалыптастырады. Ойын және тәжірибелік әрекеттер арқылы алынған білім балалардың ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал етеді.

Қорытынды:

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі кезеңде жас эколог тұлғасын қалыптастыру – үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды бөлігі. Экологиялық тәрбие арқылы табиғатты аялауға бейім, жауапты тұлға қалыптастыруға болады. Сондықтан балабақшада экологиялық білім беруді жетілдіру – өзекті мәселелердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. – Астана.

2. Қалиева А. Мектепке дейінгі экологиялық тәрбие негіздері. – Алматы: Білім, 2018.

3. Төлеубаева Р. Балабақшадағы табиғатпен таныстыру әдістемесі. – Алматы, 2016.

4. Әлімбекова Г. Экологиялық тәрбие беру жолдары. – Алматы: Мектеп, 2019.


5. Интернет ресурстар:

• balabaqsha.kz

• bilim-all.kz

6. Балаларға арналған энциклопедия: Табиғат әлемі. – Алматы: Аруна, 2017.

Турмаханова Рауа Абдихакимовна
Директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары
Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжі
Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы



КОЛЛЕДЖДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі заманда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күннен-күнге артып келеді. Әсіресе техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары – колледждер үшін сапалы маман даярлау басты міндет болып табылады. Осы тұрғыда колледждегі әдістемелік жұмыс ерекше рөл атқарады. Ол оқу-тәрбие процесін жетілдірудің, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттырудың және білім алушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз етудің негізгі құралы болып саналады. Әдістемелік жұмыс – бұл оқу үдерісін ғылыми тұрғыда ұйымдастыруға, тиімді педагогикалық технологияларды енгізуге, оқытушылардың тәжірибесін жетілдіруге бағытталған жүйелі іс-шаралар кешені. Оның мазмұнына оқу бағдарламаларын әзірлеу, сабақ жоспарларын жетілдіру, оқыту әдістерін жаңарту, ашық сабақтар өткізу, семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру сияқты жұмыстар кіреді.

Колледждегі әдістемелік жұмыстың ең басты маңыздылығы – білім сапасын арттыруға ықпал етуінде. Жақсы ұйымдастырылған әдістемелік қызмет оқыту әдістерін жетілдіріп, білім алушылардың пәнді терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, дәстүрлі оқыту тәсілдерімен қатар интерактивті әдістерді қолдану, жобалық жұмыстар, кейс-стади, цифрлық технологияларды пайдалану студенттердің қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін күшейтеді.Сонымен қатар әдістемелік жұмыс оқытушылардың кәсіби дамуына үлкен әсер етеді. Қазіргі педагог тек өз пәнін білумен шектелмей, жаңа технологияларды меңгерген, жаңашыл, шығармашыл тұлға болуы тиіс. Әдістемелік бірлестіктер, пәндік циклдік комиссиялар, біліктілікті арттыру курстары арқылы оқытушылар өз білімдерін үнемі жетілдіріп отырады. Бұл өз кезегінде сабақ сапасының жақсаруына әкеледі. Әдістемелік жұмыстың тағы бір маңызды бағыты – инновациялық технологияларды енгізу. Бүгінгі таңда білім беру саласында цифрландыру үдерісі қарқынды дамып келеді. Электронды оқулықтар, онлайн платформалар, жасанды интеллект құралдары сабақ барысында кеңінен қолданылуда. Осындай жаңашылдықтарды тиімді пайдалану әдістемелік қызметтің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Тәжірибе алмасу да әдістемелік жұмыстың ажырамас бөлігі болып табылады. Ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер арқылы оқытушылар өзара тәжірибе бөлісіп, тиімді әдістерді үйренеді. Бұл ұжымда ынтымақтастық пен кәсіби мәдениетті қалыптастырады. Сонымен бірге әдістемелік жұмыс білім алушы тұлғасын дамытуға бағытталады. Қазіргі білім беру жүйесі тек білім берумен ғана шектелмей, студенттердің сыни ойлау, шығармашылық қабілет, коммуникативтік дағдыларын дамытуға мән береді. Әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастырылған сабақтар осы қабілеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Біздің С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжінде биылғы оқу жылында барлығы 36 педогог оқытушы қызметкерлер жұмыс жасады. Олардың ішінде жалпы пәндер бірлестігі бойынша – 18 оқытушы, арнайы пәндер бірлестігі бойынша - 18 оқытушы.

Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу жоспарына сәйкес жұмыс жасалынып жатыр. Педагог қызметкерлер аттестаттаудан өткізу ТжКББ ұйымдары үшін өз портфолиоларын тапсырды. Осыған сәйкес биылғы оқу жылында Ұлттық біліктілік тестілеуге қатысуға 10 оқытушы өтініш берді.

Педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы ұйымдастырған «Оқу үдерісі және Жасанды интелект» бағдарламасы бойынша онлайн курстан колледжіміздің 26 оқытушысы оқып, сертификат алды. «Талап» коммерциялық емес АҚ «Болашақ мансапқа арналған жасанды интелект құралдары» факультативтік курсын оқыту әдістемесі мен практикасы бойынша 16 оқытушы Сертификатқа ие болды. Арнайы пән оқытушысы Сақыпжамал Дарменкулова «Worldskills Kazakhstan-2025» Республикалық чемпионатына қатысқаны үшін Сертификатпен марапатталды.

Колледждегі әдістемелік қызмет білім беру стандарттарының талаптарына сай оқу процесін ұйымдастыруды да қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламаларының өзектілігі, бағалау жүйесінің әділдігі, сабақтың мазмұны мен құрылымы – барлығы әдістемелік жұмыстың нәтижесіне байланысты.

Қорытындылай келе, колледждегі әдістемелік жұмыс – білім беру сапасын арттырудың негізгі тетігі. Ол оқытушылардың кәсіби өсуіне, оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуына және білім алушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір колледжде әдістемелік жұмысты жүйелі, жоспарлы және заманауи талаптарға сай ұйымдастыру – маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Дауленбаева Шолпан Ануаровна
Директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары
Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжі
Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы



БАСТЫ БАҒЫТ- БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ

Әлем таныған Байқоңыр қаласындағы Қазақстанның білім беру стандартымен білім беретін, бүгінгі заман талабына сай –электрик, автомеханик, заңгер - кеңесші, экономист - бухгалтер, турагент, құрылыс технигі, техник-электронщик, тігінші секілді мамандар даярлайтын бірден бір оқу орны - «Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжі» болып отыр. Жиырма жылдық тарихы бар колледжіміз осы жылдар ішінде талай белестерді бағындырды. Колледж ұжымы әрбір жаңа оқу жылын жағымды жаңалықтармен, жетістіктермен бастап, жыл соңын да жақсы нәтижемен аяқтайды артық емес. Әрине, бұл колледж ұжымы үшін үлкен абырой, үлкен жетістік екені анық.

Колледждің әрбір оқу жылындағы басты бағыты – тәрбие мен білімді ұштастыра отырып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. Осы бағытта, колледж ұжымы – жастардың жан-жақты дамуына аянбай еңбек етуде.

Білім көкжиегінде елеулі орны бар білім ордасы – талай жастарды өмірге қанаттандырып, өзіндік айқындамасы бар нағыз азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңіріп келеді. Осы бағытта жүйелі жұмыс атқарып отырған колледж оқытушылары үлкен жетістіктерге қол жеткізуде.

Бұл жетістіктер ұжым үшін – үлкен абырой. Бұл тек білім ордасының ғана емес, онда еңбек етіп жүрген ұстаздар мен білім алушылардың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Әрбір жетістік – табандылықтың, ізденістің және жауапкершіліктің көрінісі.

2025-2026 оқу жылындағы колледж жетістіктеріне тоқталар болсақ, техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педогогтері арасында «Көлік» саласы бойынша республикалық конкурсының аймақтық іріктеу байқауына қатысқан колледждің арнайы пән оқытушысы Жасұлан Көбеков «Үздік маман» номинациясы бойынша диплом иеленсе, арнайы пән оқытушысы Сәкен Есеналиев көлік мамандықтары бойынша техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педогогтері арасында облыстық кәсіби шеберлік байқауында сарапшылық жасағаны үшін Сертификатқа ие болды.

Туризм мамандығы бойынша Байқоңыр қаласына 70 жылдығына орай «Drive Forum» Халықаралық фестивалға қатысқаны үшін Шолпан Дауленбаева, Нұргүл Алимбаева, Рауа Турмаханова, Сырғаш Айбосынова, Аяжан Нагыманова, Ажаргүл Арықбаева, Баян Қожанова сынды оқытушылар дипломмен марапатталды.

5-қазан Ұстаздар күні мерекесіне орай Қызылорда облысы әкімі Н.Нәлібаевтың алғыс хатына Шолпан Дауленбаева, Нұргүл Алимбаева, Рауа Турмаханова, Қызылорда облысының білім басқарма басшысы А.Есжановтың Құрмет грамотасымен Шолпан Дауленбаева, Нұргүл Алимбаева, Рауа Турмаханова, Сырғаш Айбосынова, Алтынай Жұбаева, Сакен Есеналиев, Қармақшы ауданы әкімі Ж. Еркінбектің алғыс хатымен Жасұлан Көбеков, Ажаргүл Арықбаева, Сақыпжамал Дарменкулова, Аяжан Нагыманова, Жанат Жанузакова, «Аманат» партиясы Байқоңыр филиалының төрағасы Е. Рзалиевтен Баян Қожанова, Гүлзира Айткулова, Айкүміс Қосуақова, Айдана Кенжебаева алғыс хатымен марапатталды.

Колледжіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Абауова Айгүл Қызылорда облыстық Оқу Орталығы ұйымдастырған «Тіл және әдебиет контексіндегі құндылықтар жүйесі: трансформациясы және заманауиәдістемелік ізденістер» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияда баяндама жасағаны үшін Алғыс хатқа ие болды.

Жалпы пән оқытушылары Жанар Назарбаева (студенті Қамқоруы Дінмұхаммед) мен Гүлзира Айткулова (студенті)Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ жанындағы Абай ғылыми зерттеу институты Халықаралық Орда жоғары колледжі ұйымдастырған «Абай Мұрасы және Қазіргі заман: Рухани мұраға жаңа көзқарас» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жетекшілік жасағаны үшін Сертификат алды.

Арнайы пән оқытушысы Сақыпжамал Дарменкулова Қызылорда облыстық Оқу орталығының техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының педагогтері арасында ұйымдастырған «Жасанды интелект дәуіріндегі мұғалім» тақырыбында өткізілген облыстық семинарда «AI менің сабағымда:алғашқы тәжірибе» тәжірибесімен бөліскені үшін Орталық директоры С.Асқаровтан Сертификатқа ие болды.

Аймақтық Worldskills Kazakhstan өңірарлық кәсіптік шеберлік чемпионаттың «Молярные и декоративные работы» құзіреттілігі бойынша 2 курс студенті Мендибаева Дана 2 орын иеленді (жетекшісі Сақыпжамал Дарменкулова).

Арнайы пән оқытушысы Калышова Зауре 25 қазан Республика күні орай ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қ. Нұртайдан Алғыс хат алды.

Қызылорда облысының білім басқармасы және М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі ұймдастыруымен ТжКББ оқу орындарының 1курс білім алушылары арасында өткізілген Орыс тілі және әдебиеті пәнінен облыстық олимпиадада Абильдаев Данияр II орын (жетекшісі Алтынай Жұбаева), Физика пәнінен Тулегенов Аслан III орын (жетекшісі Күлмакарам Нұрбаева), Ағылшын тілі пәнінен Ермаханқызы Жаным III орын алып (жетекшісі Азима Идирисова) Диплом иеленді, ал Қазақстан тарихы пәнінен Маратұлы Ерқанат (жетекшісі Мираш Күзембаева), Математика пәнінен Жалғасханұлы

Медет (жетекшісі Баян Калмаханова), География пәнінен Аманов Нұрдаулет (жетекшісі Зауре Калышова), Химия пәнінен Қамқоруұлы Дінмұхамед (жетекшісі Жанар Назарбаева) , Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен Қонысбаева Дильназ (жетекшісі Гүлзира Айткулова), Информатика пәнінен Абдулла Дінмұхаммед (жетекшісі Айкүміс Қосуақова), Биология пәнінен Жақсымұратов Ислам (жетекшісі Айдана Кенжебаева) қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.

Қызылорда «Болашақ» жоғары медициналық колледжі техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының білім алушылар арасында «Био-Ақыл: Табиғат пен технологияның тоғысы» тақырыбында облыстық ғылыми жоба сайысына 1курс студенті Төлегенов Асланды қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Алғыс хатпен биология пәнінің оқытушысы Айдана Кенжебаева марапатталды.

2025 жылы Астана қаласында өткен республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионатына «Кескіндеме және сәндік жұмыстар» құзыреттілігі бойынша колледжіміздің ТС-124 оқу тобының студенті Дана Мендибаева (жетекшісі арнайы пән оқытушысы Сақыпжамл Дарменкулова) жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жүлделі III орынды иеленді. Бұл — тек бір студенттің жетістігі ғана емес, сонымен қатар кәсіби білім беру ұйымындағы сапалы білім мен жүйелі дайындықтың айқын көрінісі.

Қызылорда облысы Оқу орталығы Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі ұйымдастырған «Абай әлемі:хакім тағлымы және бүгінгі ұрпақ» атты студенттер мен педагогтер арасындағы облыстық байқауға 1 курс студенті Абильдаев Данияр қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Алтынай Жұбаева, Ермахан0ызы Жанымды қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Азима Идирисова, Кенжебек0ызы Ақеркені қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Гүлзира Айткулова сертификатқа ие болды.

Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының білім алушылар арасында өткізілген «Б.Момышұлы шығармалары патриоттық тәрбиенің қайнар көзі» тақырыбындағы Республикалық ғылыми –практикалық конференцияға 1 курс студенті Садуқас Нұрайды қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Абауова Айгүл, Жаксым9ратов Исламды қатыстырып жетекшілік жасағаны үшін Айткулова Гүлзира Сертификат иеленді.

«Адал адам – Адал ұрпақ» ұлттық тұжырымдамасын насихаттау, білім саласындағы жаңашылдықты дамыту, педагогтің мәртебесін арттыру және озық тәжірибені кеңінен тарату мақсатында ұйымдастырылған «Жылдың үздік маманы» Республикалық байқауына қатысқан жалпы пән оқытушысы Садуов Жазылбек I дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Колледжіміздің жалпы пән оқытушысы Жұбаева Алтынай «Білім айнасы» Республикалық ғылыми-танымдық басылымның редакциясы ұйымдастырған қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының шығармаларын кеңінен насихаттау мақсатындағы республикалық «Абай оқулары» конкурсында 10 шәкіртін қатыстырып, жетекшілік жасағаны үшін Құрмет грамотасына ие болды.

Иә, осындай жетістіктермен колледждің биік белестерді бағындыруы оның білім беру сапасының жоғары екенін дәлелдейді. Түрлі байқаулар мен олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болу, кәсіби шеберлік сайыстарында топ жару – оқу орнының мәртебесін арттырады. Бұл жетістіктер білім алушыларға үлкен мотивация беріп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтады. Колледждің әрбір жетістігі – ел болашағына қосылған үлес. Себебі, мұнда тәрбиеленген әрбір маман қоғамның дамуына өз үлесін қосады. Білімді, білікті, еңбекқор жастар – мемлекеттің тірегі.

Қорытындылай келе, колледж жетістігі – үлкен абырой ғана емес, зор жауапкершілік. Осы абыройды сақтап, одан әрі дамыту – әрбір ұстаз бен студенттің басты міндеті болып қала бермек.

Әйтімбетова Гүлзада Нәсіпбайқызы
Директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары, 1-ші санатты
С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі
Атырау облысы, Атырау қаласы



ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ WORLDSKILLS ТӘЖІРИБЕСІНІҢ РӨЛІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ НӘТИЖЕЛЕР

Аннотация. Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде WorldSkills қозғалысының алатын орны, оның халықаралық деңгейдегі нәтижелері мен ұлттық білім беру кеңістігіне ықпалы жан-жақты талданады. Қазіргі жаһандану жағдайында еңбек нарығының талаптары өзгеріп, білікті жұмысшы кадрларды даярлау мәселесі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп отыр. Осы тұрғыда WorldSkills стандарттары білім беру мазмұнын жаңартудың, өндірістік оқытуды жетілдірудің, студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Мақалада халықаралық тәжірибелер мен отандық практика салыстырылып, колледж деңгейінде оқу-өндірістік жұмысты ұйымдастырудың заманауи бағыттары айқындалады. Зерттеу нәтижелері WorldSkills жүйесінің білім сапасын арттырудағы стратегиялық рөлін дәлелдейді және оқу-өндірістік процесті жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар ұсынады.

Кілт сөздер: техникалық және кәсіптік білім беру, WorldSkills, кәсіби құзыреттілік, оқу-өндірістік процесс, халықаралық стандарттар, еңбек нарығы, дуальды оқыту, құзыреттілікке негізделген тәсіл, кәсіби даярлық, инновациялық технологиялар.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен индустриялық дамуының тірек негізі болып табылатыны белгілі, өйткені өндірістің сапасы мен тиімділігі ең алдымен кәсіби даярланған мамандардың деңгейімен анықталады, ал бұл жағдай білім беру мазмұнының үнемі жаңарып отыруын, оқыту әдістерінің заманауи талаптарға сәйкес жетілдірілуін қажет етеді, осы контексте WorldSkills қозғалысы халықаралық деңгейде кәсіби шеберлікті арттырудың, жұмысшы мамандықтарының беделін көтерудің, білім беру мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтудың маңызды тетігі ретінде танылып отыр, себебі бұл қозғалыс тек жарыс алаңы ғана емес, ол кәсіби стандарттарды қалыптастырушы, инновациялық технологияларды білім беру жүйесіне енгізуші, студенттердің нақты еңбек жағдайларына бейімделуін қамтамасыз етуші кешенді платформа болып табылады, сондықтан да колледждердің оқу-өндірістік қызметін ұйымдастыруда WorldSkills талаптарын басшылыққа алу уақыт талабы ғана емес, стратегиялық қажеттілік ретінде қарастырылады, бұл бағыттағы жұмыстар оқу бағдарламаларын жаңартумен қатар, материалдық-техникалық базаны жетілдіруді, оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыруды, өндірістік тәжірибені ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуді қамтиды, нәтижесінде білім алушылардың кәсіби дағдылары тереңдеп, олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі артады, осындай кешенді өзгерістер білім

беру ұйымдарының басқару жүйесіне де әсер етіп, оқу-өндірістік жұмысты жоспарлау мен ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін қалыптастырады, бұл өз кезегінде директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарының қызметіне жаңа талаптар жүктейді, яғни ол тек әкімшілік басқарушы емес, стратегиялық дамуды үйлестіруші тұлғаға айналады.

WorldSkills қозғалысының пайда болуы мен дамуы кәсіби білім беру саласындағы жаһандық трансформацияның айқын көрінісі ретінде сипатталады, өйткені бұл бастама алғашында жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру мақсатында ұйымдастырылғанымен, уақыт өте келе ол халықаралық стандарттарды қалыптастырушы, білім беру сапасын бағалаудың әмбебап жүйесіне айналды, мұнда әрбір құзыреттілік нақты өндірістік талаптарға негізделіп анықталады, бағалау критерийлері ашық әрі объективті сипатқа ие болады, осындай жүйе білім алушылардың тек теориялық білімін емес, нақты практикалық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде дәстүрлі білім беру жүйесінің әлсіз тұстарын айқындап, оларды жетілдірудің нақты бағыттарын ұсынады, колледж деңгейінде бұл тәжірибені енгізу оқу процесінің мазмұнын түбегейлі өзгертіп, білім алушылардың дербес жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, өндірістік тапсырмаларды орындауда шығармашылық тәсілді қолдануға үйретеді, нәтижесінде студент тек орындаушы емес, өз ісінің шебері ретінде қалыптасады, мұндай өзгерістер еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, бұл еліміздің экономикалық дамуына тікелей ықпал етеді, демек WorldSkills тәжірибесі тек білім беру саласының мәселесі емес, ол ұлттық даму стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазіргі таңда халықаралық деңгейдегі WorldSkills чемпионаттарының нәтижелері білім беру жүйесінің тиімділігін бағалаудың маңызды көрсеткіштерінің бірі болып отыр, өйткені бұл жарыстарда ел намысын қорғайтын қатысушылардың кәсіби деңгейі сол елдегі техникалық және кәсіптік білім беру сапасының нақты индикаторы ретінде қабылданады, мұнда жеңіске жету немесе жүлделі орын алу тек жеке қатысушының жетістігі ғана емес, бүкіл білім беру жүйесінің нәтижесі ретінде бағаланады, сондықтан да көптеген мемлекеттер бұл қозғалысқа ерекше мән беріп, ұлттық деңгейде арнайы дайындық орталықтарын құрып, оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде, Қазақстан жағдайында да соңғы жылдары бұл бағытта айтарлықтай ілгерілеу байқалады, колледждерде құзыреттілік орталықтары ашылып, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған шеберханалар іске қосылуда, оқытушылардың біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылып, халықаралық сарапшылардың тәжірибесі енгізілуде, бұл жұмыстардың барлығы білім беру сапасын арттыруға бағытталғанымен, олардың тиімділігі көбінесе оқу-өндірістік жұмысты дұрыс ұйымдастыруға байланысты болады, сондықтан директордың орынбасары деңгейінде стратегиялық жоспарлау мен үйлестіру жұмыстары ерекше маңызға ие болады, өйткені дәл осы деңгейде білім беру мазмұны мен өндірістік талаптардың үйлесімділігі қамтамасыз етіледі.

WorldSkills стандарттарын енгізу оқу процесінің құрылымына ғана емес, оның философиясына да өзгеріс енгізеді, өйткені дәстүрлі оқытуда басымдық теориялық білімге берілсе, бұл жүйеде практикалық дағдылар мен нақты нәтижеге бағытталған оқыту алдыңғы қатарға шығады, студент әрбір тапсырманы орындау барысында нақты өндірістік жағдайды модельдей отырып, уақытты тиімді пайдалануды, сапаны сақтауды, қауіпсіздік талаптарын орындауды үйренеді, бұл дағдылар оның кәсіби қалыптасуына тікелей әсер етеді, осындай өзгерістер оқытушының рөлін де қайта қарауды талап етеді, енді ол тек білім беруші емес, тәлімгер, кеңесші, бағыттаушы ретінде әрекет етеді, бұл жағдайда оқу-өндірістік жұмысты ұйымдастыруда икемділік пен жаңашылдық қажет, оқу бағдарламалары үнемі жаңартылып, өндірістегі өзгерістерге сәйкес бейімделіп отыруы тиіс, бұл үдерісті тиімді басқару үшін білім беру ұйымдарында сапа менеджменті жүйесін енгізу, нәтижеге бағытталған көрсеткіштерді анықтау, мониторинг жүргізу маңызды, осындай кешенді тәсіл ғана WorldSkills тәжірибесінің толыққанды жүзеге асуына мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, WorldSkills қозғалысына белсенді қатысатын елдерде жұмысшы мамандықтарының беделі артып, жастардың техникалық және кәсіптік

білімге деген қызығушылығы күшейеді, бұл жағдай еңбек нарығындағы кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді, сонымен қатар білім беру ұйымдары мен өндіріс орындары арасындағы серіктестік нығаяды, жұмыс берушілер оқу процесіне белсенді қатысып, оқу бағдарламаларын әзірлеуге, студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыруға, бағалау жүйесін жетілдіруге өз үлестерін қосады, мұндай өзара әрекеттестік білім беру нәтижелерінің сапасын арттырады, колледж түлектері жұмысқа тез бейімделіп, кәсіби қызметін тиімді бастауға мүмкіндік алады, бұл өз кезегінде экономиканың тұрақты дамуына негіз болады, демек WorldSkills тәжірибесін енгізу тек білім беру жүйесінің емес, жалпы қоғамның дамуына әсер ететін маңызды фактор болып табылады, сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру, оның тиімділігін арттыру жолдарын іздестіру өзекті мәселе болып қала береді.

Оқу-өндірістік процесті ұйымдастыру барысында WorldSkills талаптарын ескеру колледждің стратегиялық дамуына жаңа серпін береді, өйткені бұл жүйе нақты нәтижеге бағытталған, өлшенетін көрсеткіштерге негізделген басқару тәсілін қалыптастырады, мұнда әрбір студенттің жетістігі, әрбір оқытушының кәсіби деңгейі, әрбір оқу бағдарламасының тиімділігі нақты критерийлер арқылы бағаланады, бұл өз кезегінде басқару шешімдерінің дәлдігін арттырады, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, оқу-өндірістік жұмысты жоспарлау барысында еңбек нарығының сұранысы, өндірістегі технологиялық өзгерістер, халықаралық стандарттар ескеріледі, нәтижесінде білім беру мазмұны үнемі жаңарып, заманауи талаптарға сай келеді, осындай жағдайда директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарының қызметі ерекше маңызға ие болады, өйткені ол барлық процестерді үйлестіріп, олардың тиімділігін қамтамасыз етеді, бұл қызметтің табысты болуы басқарушының кәсіби құзыреттілігіне, стратегиялық ойлау қабілетіне, жаңашылдыққа ашықтығына байланысты болады.

Маңызды аспектілердің бірі ретінде WorldSkills тәжірибесін енгізу барысында кездесетін қиындықтарды атап өту қажет, өйткені кез келген жаңашылдық белгілі бір кедергілермен қатар жүреді, ең алдымен материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі, заманауи құрал-жабдықтардың қымбаттығы, оқытушылардың жаңа талаптарға бейімделу қажеттілігі сияқты мәселелер туындайды, бұл жағдайларды шешу үшін мемлекеттік қолдау, жеке сектордың қатысуы, халықаралық серіктестіктің дамуы маңызды рөл атқарады, сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыруда икемділік қажет, дәстүрлі әдістерден біртіндеп бас тартып, жаңа технологияларды енгізу барысында жүйелілік пен сабақтастық сақталуы тиіс, бұл бағытта әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру, оқытушылардың біліктілігін арттыру, тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру ерекше маңызға ие болады, осындай кешенді шаралар ғана WorldSkills жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ете алады, бұл өз кезегінде білім беру сапасының артуына, студенттердің кәсіби деңгейінің жоғарылауына, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандардың қалыптасуына ықпал етеді, нәтижесінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі жаңа сапалық деңгейге көтеріледі.

Қорытындылай келе, WorldSkills қозғалысының болашақ даму перспективаларын қарастыру орынды, өйткені бұл жүйе үнемі жетілдіріліп, жаңа талаптарға бейімделіп отырады, цифрландыру, автоматтандыру, жасанды интеллект сияқты технологиялардың дамуы кәсіби дағдыларға қойылатын талаптарды өзгертеді, осыған байланысты білім беру мазмұны да жаңарып, жаңа құзыреттіліктер енгізіледі, бұл жағдай оқу-өндірістік процесті ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді қажет етеді, колледждерде инновациялық зертханалар ашу, стартап жобаларды қолдау, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында жұмыстар жүргізу маңызды, мұндай өзгерістер білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттырады, халықаралық деңгейде танылуына мүмкіндік береді, демек WorldSkills тәжірибесін тиімді пайдалану болашақта да өзектілігін жоғалтпайды, керісінше оның маңызы арта түседі, бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы ғана техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лизогуб О.В. WorldSkills халықаралық чемпионатының критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктері // Облыстық оқыту семинары материалдары. – Қарағанды: Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы, 2025. – 81-85 б.
2. Нартова Т.Г., Свердлова Е.А., Кнашина Г.А. Кәсіптік стандарттар мен WorldSkills стандарттарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеудің алгоритмі // Семинар-тренинг материалдары. – Қарағанды: Қарағанды облысының білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы, 2025. – 43-54 б.
3. Оразбаева А.Қ., Сәрсенбаева Ж.Ә. Колледж студенттерінің кәсіби құзыреттілігін WorldSkills чемпионаты арқылы дамыту // Қазақстанның кәсіптік мектебі. – 2024. – №1. – 28-34 б.

Айтешева Дидар Удесиновна
Ағылшын тілі пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
№ 7 жалпы білім беретін мектеп
Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы



COMPARATIVE ANALYSIS: CULTURAL DIFFERENCES BETWEEN COUNTRIES

Аннотация

Бұл баяндамада елдер арасындағы мәдени айырмашылықтар мәселесі қарастырылады. Мәселенің өзектілігі жаһандану үрдісінде мәдениетаралық қарым-қатынас пен түсіністік маңыздылығынан туындайды. Баяндаманың мақсаты – әртүрлі елдердегі мәдени ерекшеліктерді талдау және олардың күнделікті өмірге әсерін анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, әдеби шолулар мен статистикалық деректер негізінде қорытындылар жасалды. Негізгі нәтижелер елдер арасындағы мәдени айырмашылықтардың тіл, дәстүр және құндылық жүйелері арқылы көрініс табатынын көрсетеді. Қорытындыда мәдениетаралық түсіністік пен ынтымақтастықты арттыру қажеттілігі атап өтіледі.

Тірек сөздер: мәдени айырмашылықтар, жаһандану, мәдениетаралық қарым-қатынас, дәстүрлер, құндылықтар.

Introduction

In an increasingly interconnected world, understanding cultural differences between countries is more relevant than ever. As globalization accelerates, societies are encountering diverse cultural landscapes, posing both challenges and opportunities. How do these differences shape our interactions? How do they influence global cooperation and conflict? The significance of this topic in modern science and society cannot be overstated. By delving into cultural variations, we gain insights into the dynamics of international relations, cross-cultural communication, and global

business practices.

The purpose of this research is to explore the profound impact of cultural differences on various aspects of society, aiming to uncover the underlying principles that govern intercultural interactions. The objectives include identifying key cultural dimensions, analyzing their effects on communication, and evaluating strategies for fostering cultural sensitivity. Through this exploration, we seek to contribute to the broader discourse on cultural diversity, offering strategies for navigating the complexities of a multicultural world.

This research adopts a scientific approach, focusing on the systematic analysis of cultural differences. It examines cultural dimensions such as individualism versus collectivism, power distance, and uncertainty avoidance, among others. These dimensions serve as the framework for understanding how cultures vary and how these variations manifest in everyday interactions.

Methodologically, the research employs a combination of qualitative and quantitative approaches. Surveys and interviews provide a qualitative lens into personal experiences and perceptions, while statistical analyses offer quantitative insights into broader trends. Comparative studies between countries further enrich the understanding of how cultural contexts differ and what commonalities might exist. By integrating these methods, the research ensures a comprehensive and nuanced exploration of the topic.

In conclusion, the exploration of cultural differences between countries is not merely an academic endeavor; it is a crucial step towards fostering global harmony and understanding. By unraveling the intricacies of cultural diversity, we equip ourselves with the knowledge to bridge divides, enhance cooperation, and celebrate the rich tapestry of human society. As we embark on this journey, we are reminded of the words of cultural theorists who emphasize that understanding is the key to unity in diversity.

Comparative Analysis: Cultural Differences Between Countries

Cultural differences play a crucial role in shaping interactions between people from different countries. Understanding these differences can enrich international relationships and foster mutual respect. Let's compare how cultural differences are approached in various countries and the advantages and disadvantages associated with these approaches.

Advantages and Disadvantages

Different countries have unique cultural norms that influence communication, behavior, and values. For example, in Japan, the emphasis on group harmony often leads to indirect communication, which can be advantageous in maintaining peaceful interactions. However, it might be challenging for those from direct communication cultures, like the United States, to interpret these nuances, potentially leading to misunderstandings.

Similarly, the high value placed on individualism in Western countries encourages innovation and personal freedom, but it may also result in a lack of community support, as compared to collectivist societies such as China, where communal ties provide a robust support system but might suppress individuality.

What happens when cultures collide? Is it possible to blend different cultural norms harmoniously, or do we risk losing unique cultural identities in the process?

Rhetorical Questions

- Can we truly understand another culture without immersing ourselves in it?
- How far should one go to adapt to a foreign culture while maintaining their own identity?
- Is it possible to achieve a global culture, or are cultural differences too deeply rooted?

Short Example or Story

Consider the story of an American businesswoman working in India. Initially, she struggled with the hierarchical structure and indirect communication style prevalent in Indian business culture. Over time, she adapted by observing her colleagues, which led to successful collaborations and mutual respect. This experience not only allowed her to thrive professionally but also enriched her understanding of cultural diversity.

Scenario Forecasting

Optimistic Scenario

In the optimistic scenario, globalization leads to increased cultural exchange and understanding. Educational programs focusing on cultural awareness become widespread, reducing stereotypes and fostering inclusivity. As people become more culturally informed, international collaboration flourishes, leading to innovative solutions to global challenges.

Baseline Scenario

The baseline scenario sees a steady state where cultural differences continue to exist, but with gradual improvement in understanding. While some misunderstandings persist, efforts to bridge cultural gaps through technology and communication continue to make incremental progress. International relations remain stable, with occasional cultural friction.

Pessimistic Scenario

In the pessimistic scenario, cultural misunderstandings escalate due to nationalism and protectionist policies. Misinterpretations lead to diplomatic tensions and reduced international cooperation. This scenario sees a resurgence of cultural isolation, hindering global progress on pressing issues like climate change and economic inequality.

Numerical Data Analysis

According to a study by Hofstede Insights, countries score differently on cultural dimensions such as individualism vs. collectivism and uncertainty avoidance. For example, the United States scores high on individualism (91), while China scores lower (20), reflecting the emphasis on community. These scores highlight the diversity in cultural values and the importance of understanding these differences in international contexts.

How can this data be utilized effectively in global strategies? Organizations can tailor their approaches to align with cultural values, enhancing communication and collaboration. For instance, marketing strategies that appeal to community values in collectivist cultures can be more effective than those emphasizing individual achievements.

Understanding and respecting cultural differences is essential in our interconnected world. By learning from international experiences and being open to alternative approaches, we can navigate cultural complexities and build a more inclusive global society.

Conclusion

The comparative analysis of cultural differences between countries underscores the profound impact these differences have on international interactions. By examining cultural norms such as communication styles, individualism versus collectivism, and hierarchical structures, we gain insight into the complex landscape of global relations. The advantages and disadvantages inherent in these cultural paradigms highlight the necessity of cultural competence in fostering effective collaboration.

Understanding cultural differences is not merely an academic exercise; it has practical significance in today's interconnected world. For instance, recognizing the importance of indirect communication in Japan or the emphasis on community in China can lead to more effective business strategies and diplomatic efforts. Organizations can leverage this knowledge to tailor their approaches, enhancing communication, marketing, and negotiation strategies. By aligning with cultural values, businesses can improve their international presence and foster more meaningful relationships with diverse stakeholders.

The application of cultural understanding extends beyond business to education, diplomacy, and social interactions. Educational programs focusing on cultural awareness can dismantle stereotypes and promote inclusivity. Such initiatives are vital in preparing future generations for a world where cross-cultural interactions are the norm rather than the exception.

Future research should delve deeper into the nuances of cultural adaptation and integration. Investigating how individuals and organizations can maintain their unique identities while embracing foreign cultures is crucial. Additionally, exploring the potential for a harmonious global culture without eroding distinct cultural identities offers a rich area for scholarly inquiry. As we continue to navigate cultural complexities, it is essential to ask: Can we achieve true cultural integration without sacrificing the richness of our diverse heritages?

Reflecting on the potential outcomes of cultural interactions, the optimistic scenario envisions a future where globalization fosters increased cultural exchange and understanding. However, achieving this requires deliberate effort and commitment to cultural education and inclusivity. The baseline scenario, with its steady progress, reminds us of the ongoing work needed to bridge cultural gaps. Conversely, the pessimistic scenario serves as a cautionary tale of the consequences of neglecting cultural understanding.

In conclusion, the journey towards cultural harmony is both challenging and rewarding. By embracing cultural differences and seeking to understand rather than merely tolerate them, we can build a more inclusive and innovative global society. As Mahatma Gandhi once said, “Our ability to reach unity in diversity will be the beauty and the test of our civilization.” Let this thought inspire us to pursue cultural understanding with vigor and empathy, shaping a world where diversity is celebrated and differences become the foundation for collaboration and progress.

To create tasks based on the topic of cultural differences between countries for 9th-grade English language learners, consider the following tasks:

Task 1: Research Assignment

Objective: Identify and describe cultural differences between two countries of your choice.

Instructions: - Select two countries to compare. - Research cultural aspects such as greetings, food, holidays, and communication styles. - Write a short report (300-500 words) summarizing your findings. - Cite at least two sources in your report.

Task 2: Group Presentation

Objective: Present cultural differences between countries to classmates.

Instructions: - Form groups of 3-4 students. - Choose a country to research. - Prepare a 5-minute presentation highlighting key cultural differences compared to your own country. - Use visuals such as slides or posters to support your presentation.

Task 3: Creative Writing

Objective: Write a fictional story that illustrates cultural differences.

Instructions: - Create a story where a character travels to a new country and experiences cultural differences. - Include descriptions of at least three cultural differences encountered. - Your story should be 500-700 words long.

Task 4: Class Discussion

Objective: Engage in a discussion about cultural differences and their impact.

Instructions: - Prepare notes on cultural differences you find interesting or surprising. - Participate in a class discussion, sharing your thoughts and listening to others. - Discuss how understanding cultural differences can improve communication.

Task 5: Reflection Essay

Objective: Reflect on the importance of cultural awareness.

Instructions: - Write an essay (200-300 words) reflecting on why it is important to understand cultural differences. - Discuss how cultural awareness can affect personal and professional relationships.

Task 6: Create a Poster

Objective: Design a poster that highlights cultural differences.

Instructions: - Choose a specific aspect of culture (e.g., food, fashion, traditions). - Create a visually appealing poster that compares this aspect between two countries. - Include images and brief descriptions.

These tasks encourage exploration and understanding of cultural differences, enhancing both language skills and cultural awareness.

Турлибаева Айжан Абдумаликқызы[1] – 7М01505 - «Биология педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
Аманша Айдана Азаматқызы[2] - 7М01505 - «Биология педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі,
Зияева Гүлнар Керімбекқызы[3] - б.ғ.к., қауымдастырылған профессор
[1,2,3]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы

БИОЛОГИЯДАН ИНТЕГРАЛДЫ ТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада орта білім беруде биология пәні бойынша пәндік құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралы ретінде интегралды танымдық тапсырмаларды қолдану мәселесі зерттеледі. Автор интегралды тапсырмалардың құрылымдық ерекшеліктерін талдап, олардың пәнаралық байланысты жүзеге асырудағы және білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы рөлін негіздейді.


Кілт сөздер: интегралды танымдық тапсырмалар, пәндік құзыреттіліктер, функционалдық сауаттылық, пәнаралық байланыс.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – ақпаратты тек қабылдайтын емес, оны талдайтын, жүйелейтін және өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Биология – тірі табиғат заңдылықтарын зерттеп, оқушылардың дүниетанымы мен экологиялық, физиологиялық сауаттылығын дамытатын маңызды ғылым. [1]

Қазіргі педагогикалық ғылымда құзыреттілікке негізделген білім беру моделі оқыту үдерісінің негізгі бағыты ретінде қарастырылады. Бұл модель оқушылардың тек теориялық білім алуымен шектелмей, сол білімді тәжірибеде қолдану қабілетін дамытуға бағытталған. Биология пәні табиғи құбылыстар мен тірі ағзалардың өзара байланысын түсіндіретін ғылым ретінде оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. [3]

Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістері көбіне ақпаратты жаттауға бағытталып, оқушылардың шынайы пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда жеткіліксіз болып жатады. Осы мәселені шешудің тиімді жолы – интегралды танымдық тапсырмаларды қолдану. Бұл тапсырмалар биологиялық ұғымдарды физика, химия, география сияқты пәндермен байланыстыра отырып, білімді жүйелеуге мүмкіндік береді. [4]

Интеграциялық оқыту тәсілі қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып келеді. Оның басты мақсаты – оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алған білімдерін өзара байланыстырып, күрделі ғылыми құбылыстарды кешенді түрде түсінуіне жағдай жасау.[2] Биология сабақтарында мұндай тәсілді қолдану оқушылардың ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ табиғи құбылыстарды жүйелі түрде қабылдауына мүмкіндік береді. [5], (1-сурет)



Интегралды танымдық тапсырмалар
↓
Оқушылардың пәндік құзыреттіліктері

Сурет 1 – Биология пәніндегі пәнаралық интеграция моделі

Пәндік құзыреттілік – бұл оқушының биологиялық білімді меңгерумен қатар, зерттеу әдістерін қолдану, деректерді талдау, биологиялық процестерді түсіндіру және экологиялық мәселелерді шешу қабілеті.

Пәндік құзыреттілік құрылымы бірнеше компоненттен тұрады: когнитивтік (білім жүйесі), операциялық-әрекеттік (практикалық дағдылар), құндылықтық-мотивациялық (ғылыми танымға қызығушылық) және рефлексивтік компонент. Осы компоненттердің үйлесімді дамуы оқушының ғылыми тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастырады. [8]

Интегралды танымдық тапсырмалар – бұл екі немесе одан да көп пәннің білімдерін біріктіру арқылы шешілетін, жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын (талдау, жинақтау, бағалау) талап ететін мәселелік жағдаяттар. [7]

Мұндай тапсырмалар оқушылардың аналитикалық және синтетикалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар олар оқушыларды ғылыми гипотеза құруға, деректерді салыстыруға және алынған нәтижелерді негіздеуге үйретеді.

Интегралды тапсырмалар оқушылардың танымдық процестерін белсендіруде келесі функцияларды атқарады:

- Мотивациялық: Шынайы өмірмен байланысты мәселелерді шешуге қызығушылықты арттырады.
- Танымдық: Жаңа ақпаратты бұрынғы біліммен байланыстыруға көмектеседі.
- Дамытушылық: Сыни ойлау мен логикалық қабілетті дамытады.
- **Коммуникативтік: оқушылардың топтық жұмыс барысында пікір алмасуын және ғылыми дәлелдер келтіруін қамтамасыз етеді.**
- **Практикалық: алынған білімді нақты өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндігін арттырады.**

Биология пәнін оқытуда интеграцияның маңызы өте зор. [3] Төмендегі кестеде биологияның басқа пәндермен байланысы және оны интегралды тапсырмаларда қолдану жолдары көрсетілген. (1-кесте)

Кесте-1 Биология пәнін оқытудағы пәнаралық интеграция

№	Қатысты пән	Биологиялық бағыт	Интегралды тапсырманың тақырыбы / мазмұны	Дамитын құзыреттілік
1	Химия	Зат алмасу (метаболизм)	«Асқорыту жүйесіндегі ферменттердің әрекеті: тағамның химиялық ыдырауы»	Биохимиялық процестерді талдау
2	Физика	Биофизика, қан айналым	«Жүрек-қан тамырлар жүйесіндегі қысым мен қан ағысының физикалық заңдылықтары»	Физикалық заңдарды биологияда қолдану
3	География	Экология, биогеография	«Климаттық белдеулердің организмдердің таралуына әсері»	Экологиялық болжам жасау
4	Математика	Генетика, статистика	«Мендель заңдары бойынша шағылыстыруды математикалық модельдеу»	Ықтималдықтарды есептеу

Бұл кестеде көрсетілген пәнаралық байланыстар биология пәнінің кешенді сипатын көрсетеді. Әртүрлі ғылым салаларының өзара байланысын түсіну оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, табиғи процестердің біртұтастығын ұғынуына мүмкіндік береді. [9, 10], (2-кесте)

Тиімді интегралды тапсырма құрастыру үшін келесі алгоритмді ұстану қажет:

1. Мақсатты анықтау: Қандай пәндік құзыреттілікті қалыптастыру тиіс?
2. Пәнаралық байланысты табу: Басқа пәннен қай ақпаратты қолдануға болады?
3. Жағдаятты құрастыру: Шынайы немесе модельдік мәселелік жағдайды сипаттау.
4. Сұрақтар мен нұсқаулықтар: Оқушыны шешімге жетелейтін күрделі сұрақтар қою.
5. Бағалау критерийлерін анықтау: оқушының тапсырманы орындау деңгейін нақты көрсететін өлшемдерді белгілеу.
6. Рефлексия ұйымдастыру: оқушылардың өз әрекеттерін талдауына және алынған нәтижелерді бағалауына мүмкіндік беру.

Кесте-2 Интегралды танымдық тапсырманың үлгісі (8-сынып)

№	Тапсырма компоненті	Мазмұны
1	Тақырып	Тыныс алу жүйесі және газ алмасу
2	Пәнаралық байланыс	Физика (Диффузия, қысым)
3	Мәселелік жағдаят	«Таулы аймаққа көтерілгенде адамның тыныс алуы неліктен жиілейді? Атмосфералық қысымның оттегінің қанға өтуіне әсерін түсіндіріңіз. »
4	Танымдық сұрақтар	1. Таулы жерде ауа қысымы қалай өзгереді? 2. Диффузия заңы бойынша оттегі альвеоладан қанға қалай өтеді? 3. Бұл жағдайда гемоглобиннің рөлі қандай?
5	Күтілетін нәтиже	Оқушы қысым мен диффузия арасындағы байланысты түсініп, физиологиялық процесті негіздейді.

Диагностикалық кезең
(бастапқы деңгейді анықтау)
↓
Қалыптастырушы кезең
(интегралды тапсырмаларды енгізу)
↓
Бақылау кезеңі
(нәтижелерді анықтау)
↓
Нәтижелерді талдау

Сурет 2 - Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдері

Зерттеу барысында эксперимент жұмысына жалпы саны 60 оқушы қатысты. Олар екі топқа бөлінді:

- эксперименттік топ
- бақылау тобы

Эксперименттік топта интегралды танымдық тапсырмалар қолданылса, бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері пайдаланылды. (2-сурет, 3-кесте)

Кесте - 3 Экспериментке қатысқан оқушылардың құрамы

№	Топ	Оқушылар саны	Оқыту ерекшелігі
1	Эксперименттік топ	30	Интегралды танымдық тапсырмалар
2	Бақылау тобы	30	Дәстүрлі оқыту әдістері

Диагностикалық кезеңде оқушылардың пәндік құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейі анықталды. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – зерттеу басталғанға дейінгі оқушылардың білім деңгейін анықтау және екі топтың бастапқы көрсеткіштерінің шамалас екенін тексеру.

Диагностикалық кезең барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды:

– тест тапсырмалары;
– бақылау жұмыстары;
– сауалнама;
– мұғалімнің педагогикалық бақылауы;
– оқушылардың оқу жетістіктерін талдау.

Пәндік құзыреттілік деңгейін бағалау үш деңгей бойынша жүргізілді:

- жоғары деңгей
- орта деңгей
- төмен деңгей (3-сурет, 4-кесте)

Кесте - 4 Оқушылардың пәндік құзыреттілігінің бастапқы деңгейі

№	Деңгей	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
1	Жоғары	17%	18%
2	Орта	46%	47%
3	Төмен	37%	35%



Сурет 3 - Оқушылардың пәндік құзыреттілігінің бастапқы деңгейі

Бұл көрсеткіштер екі топтағы оқушылардың бастапқы білім деңгейі шамалас екенін көрсетеді.

Қалыптастырушы кезең эксперименттік зерттеудің негізгі кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде эксперименттік топта интегралды танымдық тапсырмалар жүйелі түрде қолданылды.

Интегралды тапсырмалар бірнеше пәндердің мазмұнын біріктіріп, оқушылардың білімді кешенді түрде қолдануына бағытталды. (4-сурет, 5-кесте)

Мұндай тапсырмалар оқушылардың:

– танымдық белсенділігін арттырады;

– логикалық ойлауын дамытады;

– зерттеу қабілетін қалыптастырады;

– пәнаралық байланыстарды түсінуіне мүмкіндік береді.

Пәндік білім
↓
Пәнаралық байланыс
↓
Проблемалық жағдаят
↓
Зерттеу әрекеті
↓
Шығармашылық шешім

Сурет 4 - Интегралды танымдық тапсырмалардың құрылымы

Қалыптастырушы кезеңде қолданылған тапсырмалар бірнеше түрге бөлінді.

Кесте - 5 Интегралды танымдық тапсырмалардың түрлері

№	Тапсырма түрі	Мақсаты	Нәтижесі
1	Пәнаралық тапсырмалар	Әртүрлі пәндерді байланыстыру	Білімнің жүйеленуі
2	Зерттеу тапсырмалары	Зерттеу дағдыларын дамыту	Танымдық белсенділік
3	Проблемалық тапсырмалар	Логикалық ойлауды дамыту	Шешім қабылдау қабілеті
4	Шығармашылық тапсырмалар	Шығармашылық қабілетті дамыту	Жаңа идеялар ұсыну

Бақылау кезеңінде эксперимент нәтижелері анықталды. (5-сурет, 6-кесте) Бұл кезеңде қайта диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың пәндік құзыреттілік деңгейіндегі өзгерістер талданды.

Бағалау барысында келесі көрсеткіштер қарастырылды:

– білім сапасы;


– логикалық ойлау деңгейі;

– пәнаралық байланыстарды қолдану;

– практикалық тапсырмаларды орындау.

Кесте - 6 Эксперимент нәтижелері

№	Құзыреттілік деңгейі	Эксперименттік топ (%)	Бақылау тобы (%)
1	Жоғары деңгей	45%	24%
2	Орта деңгей	42%	50%
3	Төмен деңгей	13%	26%



Сурет 5 - Эксперимент нәтижелерінің салыстырмалы диаграммасы

5-суретте эксперименттік және бақылау топтарындағы оқушылардың пәндік құзыреттілік деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштері берілген. Нәтижелер бойынша эксперименттік топта жоғары деңгей **45%** көрсетіп, бақылау тобымен (**24%**) салыстырғанда айтарлықтай жоғары екендігі байқалады. Сонымен қатар төмен деңгейдегі оқушылар үлесі эксперименттік топта **13%**, ал бақылау тобында **26%** болды. Бұл интегралды танымдық тапсырмаларды қолдану оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда тиімді екенін көрсетеді.

Эксперимент нәтижелері интегралды танымдық тапсырмаларды қолдану оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамытуға оң әсер ететінін көрсетті. Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі оқушылар саны айтарлықтай артты, ал төмен деңгейдегі оқушылар саны азайды.

Сонымен қатар эксперимент барысында оқушылардың:

– танымдық белсенділігі артты;

– оқу мотивациясы күшейді;

– зерттеушілік дағдылары дамыды;

– пәнаралық байланыстарды қолдану қабілеті қалыптасты.

Бұл нәтижелер интегралды танымдық тапсырмаларды оқу процесінде қолданудың педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін дәлелдейді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері интегралды танымдық тапсырмаларды оқу процесінде жүйелі қолдану оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мұндай тапсырмалар оқушылардың білімді кешенді түрде меңгеруіне, танымдық белсенділігін арттыруға және білімді практикалық жағдайда қолдануға мүмкіндік береді.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың ғылыми пайымдау қабілетін дамытып, табиғи құбылыстарды кешенді тұрғыда түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар олар оқушыларды зерттеушілік әрекетке тартып, ғылыми білімді тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Интегралды тапсырмалар арқылы оқушыларда келесідей маңызды дағдылар қалыптасады:

1. Функционалдық сауаттылық: Алынған білімді күнделікті өмірдегі денсаулық, экология, тамақтану мәселелерін шешуге қолдану. [6, 10]

2. Зерттеушілік дағдылар: Гипотеза ұсыну, экспериментті жоспарлау, нәтижелерді талдау.

3. Сыни ойлау: Ақпараттық дереккөздермен жұмыс істеу, сенімді мәліметтерді сенімсізден ажырату.

4. Коммуникативтік дағдылар: ғылыми пікірталас жүргізу, өз ойын дәлелді түрде жеткізу.

5. Шығармашылық ойлау: жаңа ғылыми идеялар ұсыну және мәселенің баламалы шешімдерін табу.

Қорытындылай келе, биология сабақтарында интегралды танымдық тапсырмаларды жүйелі қолдану – білім сапасын арттырудың және оқушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады. Мұндай тапсырмалар оқушыларды жаттаудан арылтып, ойлауға, ізденуге және білімді өмірмен байланыстыруға бағыттайды. Бұл өз кезегінде бәсекеге қабілетті, функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген. – Нұр-Сұлтан, 2019.

2. Ахметов Н.К. Оқытудағы интеграциялық процестер: Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2019. – 164 б.

3. Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ). Биология пәні бойынша оқу бағдарламасы (7-11 сыныптар). – Нұр-Сұлтан: ДББҰ «НЗМ», 2018.

4. Әбілқасымова А.Е. және т.б. Оқытудың жаңа технологиялары: әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 210 б.

5. Бекетова Р. Биология сабақтарында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдары // Қазақстан мектебі. – 2021. – №4. – Б. 12-15.

6. Құрманбаева А.С. Биологиялық білім берудегі функционалдық сауаттылықты дамыту // Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2020. – №2 (62). – Б. 45-50.

7. «Bilim Land» білім беру порталы. Биология пәні бойынша интерактивті сабақтар мен тапсырмалар жинағы [Электрондық ресурс]. – 2025. – URL: https://bilimland.kz (Қаралған уақыты: 13.02.2026).

8. Сапарбекова А. Биология пәнінде экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру // Педагогикалық ғылымдар жаршысы. – 2022. – №1. – Б. 78-83.

9. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 9-10 сыныптарына арналған оқулықтар. Электронды нұсқа [Электрондық ресурс]. – 2019-2020. – URL: https://okulyk.kz (Қаралған уақыты: 12.02.2026).

10. OECD (ЭЫДҰ). PISA зерттеуі: Функционалдық сауаттылықты бағалау тапсырмалары. Халықаралық есеп. – 2022. – URL: https://www.oecd.org/pisa (Қаралған уақыты: 12.02.2026).

Курмангалиева Бибинур Куспановна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
№27 И.Тайманов атындағы орта мектебі
Атырау облысы, Атырау қаласы



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация. Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушының тек теориялық білімді меңгеруі жеткіліксіз екені айқын байқалады, өйткені білімнің шынайы құндылығы оны өмірлік жағдаяттарда қолдана алуымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің біріне айналып отыр. Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың педагогикалық, әдістемелік және практикалық тетіктері ғылыми-публицистикалық тұрғыда қарастырылады. Автор оқу үдерісінде мәтінмен жұмыс істеудің, сыни ойлау технологияларын пайдаланудың, коммуникативтік әрекетті дамытудың және шығармашылық тапсырмалар арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарын талдайды. Оқушылардың тілдік құзыреттілігін өмірлік тәжірибемен байланыстыра отырып дамыту мәселесі кеңінен сипатталады. Сонымен бірге функционалдық сауаттылықтың ұлттық құндылықтарды тану мен мәдени мұраны игерудегі рөліне назар аударылады. Мақалада оқу мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің әлеуетін тиімді пайдалану жолдары қарастырылып, практикалық әдістер ұсынылады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, мәтінмен жұмыс, сыни ойлау, коммуникативтік құзыреттілік, білім беру әдістері, оқыту технологиялары, тіл мәдениеті, шығармашылық тапсырмалар.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – оқушыны тек білім алушы ретінде емес, сонымен бірге қоғамда өз орнын таба алатын, ақпаратты саралап, оны өмірлік тәжірибеде қолдана білетін тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыдан қарағанда функционалдық сауаттылық ұғымы білім берудің стратегиялық бағыттарының біріне айналып отыр. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның алған білімін түрлі әлеуметтік, мәдени және кәсіби жағдайларда тиімді пайдалану қабілеті. Мұндай қабілетті қалыптастыруда тілдік пәндердің орны ерекше екені сөзсіз. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары оқушының тек тілдік нормаларды меңгеруіне ғана емес, сонымен бірге оның дүниетанымын кеңейтуге, мәдени құндылықтарды тануына және қоғамдық қатынастарды түсінуіне ықпал етеді. Осы пәндердің мазмұны арқылы оқушы мәтінді түсіну, талдау, бағалау және өзіндік пікір білдіру дағдыларын қалыптастырады. Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан жаңартулар тілдік пәндерді оқытудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Мұғалім оқыту үдерісінде оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістерді қолданғанда ғана функционалдық сауаттылықтың нақты нәтижелері байқалады. Сондықтан қазақ тілі мен

әдебиеті сабақтарын ұйымдастыру барысында оқушының ойлау қабілетін дамытатын, ақпаратты талдауға үйрететін және шығармашылық әрекетке жетелейтін әдістемелік тәсілдер кеңінен пайдаланылуы тиіс. Мұндай тәсілдер білімнің өмірмен байланысын нығайтады және оқушыны дербес шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі педагогикалық тәжірибеде функционалдық сауаттылықты дамыту білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру ең алдымен мәтінмен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырудан басталады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәтін тек ақпарат көзі ретінде ғана емес, сонымен бірге оқушының ойлау әрекетін ұйымдастыратын негізгі құрал ретінде қарастырылады. Мәтінмен жұмыс барысында оқушы мазмұнын түсіну, негізгі ойды анықтау, автор позициясын бағалау және өз көзқарасын дәлелдеу сияқты күрделі танымдық әрекеттерді жүзеге асырады. Мұндай жұмыстар оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады және тілдік материалды терең меңгеруіне ықпал етеді. Мәтіндік талдау барысында мұғалім сұрақ қоюдың түрлі деңгейлерін қолданғанда оқушылардың танымдық белсенділігі айтарлықтай артады. Оқушылар тек мәтінді қайталап айтып берумен шектелмей, оның астарлы мағынасын түсінуге, тарихи және мәдени контекстін анықтауға ұмтылады. Бұл үдеріс олардың логикалық ойлауын дамытуға және ақпаратты жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге мәтін негізінде жүргізілетін пікірталастар оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады. Олар өз пікірін дәлелдеуге, қарсы пікірді тыңдауға және аргументтер арқылы ой қорытуға үйренеді. Мұндай әрекеттер білім алушылардың тілдік мәдениетін жетілдіреді және олардың әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Мәтінмен жүйелі жұмыс жүргізу нәтижесінде оқушы ақпаратты тек қабылдаушы емес, оны талдаушы және бағалаушы тұлға ретінде қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуда сыни ойлау технологиясының мүмкіндіктері айрықша мәнге ие. Сыни ойлау – ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және логикалық қорытынды жасау қабілеттерінің жиынтығы. Оқу үдерісінде осы технологияны қолдану оқушылардың дербес ойлауын дамытуға және білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді. Мұғалім сыни ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмаларды ұйымдастырғанда оқушылардың шығармашылық белсенділігі артады. Мәселен, мәтінді салыстыру, кейіпкерлер әрекетін бағалау, белгілі бір мәселе бойынша аргументтер келтіру сияқты тапсырмалар білім алушылардың аналитикалық ойлауын жетілдіреді. Мұндай тапсырмалар барысында оқушылар тек дайын ақпаратты қабылдап қоймай, оны талдап, өз көзқарасын қалыптастырады. Бұл өз кезегінде олардың интеллектуалдық дербестігін арттырады. Сыни ойлау технологиясын қолдану барысында пікірталас, дебат, эссе жазу, жобалық жұмыс сияқты әдістер кеңінен пайдаланылады. Әрбір әдіс оқушының өзіндік ой айтуына және өз позициясын қорғауына мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе олардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырып, қоғамдық мәселелерге жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. Нәтижесінде оқушылар тек білім алушы ғана емес, өз пікірін негіздей алатын белсенді азамат ретінде қалыптаса бастайды.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда әдеби шығармаларды талдаудың да маңызы зор. Қазақ әдебиеті сабақтары оқушының эстетикалық талғамын дамытуға және ұлттық мәдениетті терең түсінуіне ықпал етеді. Әдеби мәтінді талдау барысында оқушы кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалап, авторлық идеяны түсінуге ұмтылады. Мұндай әрекет олардың эмоционалдық интеллектісін дамытуға мүмкіндік береді. Әдеби шығармалардағы өмірлік жағдайларды талдау оқушыларға нақты өмірдегі мәселелерді түсінуге көмектеседі. Олар кейіпкерлердің таңдауларын бағалай отырып, өз өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Әдеби мәтін арқылы адамгершілік құндылықтар, мәдени дәстүрлер және ұлттық дүниетаным мәселелері кеңінен қарастырылады. Бұл оқушының тұлғалық дамуына ерекше әсер етеді. Әдеби талдау барысында оқушылар көркемдік құралдарды анықтауды ғана үйренбейді, сонымен бірге шығарманың философиялық мазмұнын түсінуге талпынады. Осындай кешенді талдау олардың ойлау мәдениетін қалыптастырады. Мұғалім әдеби шығармаларды талдауда шығармашылық тапсырмаларды пайдаланғанда оқушылардың

қызығушылығы артады. Олар эссе жазу, рөлдік ойын ұйымдастыру немесе көркем мәтін бойынша пікірталас жүргізу арқылы әдеби шығарманың мәнін тереңірек түсінеді.

Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тілдік білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыру ерекше маңызды. Тілдік ережелерді механикалық түрде жаттау оқушының ұзақ мерзімді білім қалыптастыруына жеткілікті әсер етпейді. Сондықтан мұғалім тілдік материалды нақты коммуникативтік жағдаяттар арқылы меңгертуді мақсат етуі тиіс. Мысалы, ресми хат жазу, өтініш құрастыру, пікір білдіру немесе ақпараттық мәтін дайындау сияқты тапсырмалар оқушының практикалық тілдік дағдыларын қалыптастырады. Мұндай тапсырмалар барысында оқушылар тілдің функционалдық мүмкіндіктерін түсінеді. Олар тілдің қоғамдағы рөлін сезіне бастайды және оны нақты мақсатта қолдануға үйренеді. Коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану ерекше маңызға ие. Бүгінгі білім беру жүйесінде цифрлық ресурстар, интерактивті платформалар және мультимедиялық материалдар кеңінен қолданылып келеді. Мұндай құралдар оқу үдерісін жандандырып, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылар мәтіндерді түрлі форматта талдай алады. Олар бейнематериалдармен жұмыс істеп, электрондық ресурстар арқылы қосымша ақпарат іздейді. Бұл олардың ақпараттық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен бірге цифрлық құралдар оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Олар деректерді салыстырып, түрлі көзқарастарды талдай алады. Мұндай әрекеттер функционалдық сауаттылықтың негізгі элементтерінің бірі болып саналады. Мұғалім цифрлық технологияларды тиімді пайдаланғанда оқушылардың оқу мотивациясы артады. Олар оқу үдерісіне белсенді қатысып, өз білімін дербес толықтыруға ұмтылады. Нәтижесінде білім беру кеңістігі интерактивті және шығармашылық сипатқа ие болады.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі екені анық байқалады. Бұл үдеріс оқушының тек тілдік білімін жетілдірумен шектелмейді, сонымен бірге оның тұлғалық, әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал етеді. Мұғалім оқу үдерісін дұрыс ұйымдастырғанда оқушылардың танымдық белсенділігі артып, білімді саналы түрде меңгеру мүмкіндігі кеңейеді. Мәтінмен жұмыс, сыни ойлау технологиялары, шығармашылық тапсырмалар және коммуникативтік әрекеттер функционалдық сауаттылықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Әдеби шығармаларды талдау арқылы оқушылар ұлттық мәдениетті терең түсінеді және адамгершілік құндылықтарды игереді. Тілдік тапсырмаларды өмірлік жағдаяттармен байланыстыру олардың практикалық дағдыларын қалыптастырады. Ақпараттық технологияларды қолдану оқу үдерісін заманауи талаптарға бейімдейді. Осындай кешенді әдістерді қолдану нәтижесінде оқушылар білімді өмірде қолдана алатын, сыни ойлайтын және мәдениетті қарым-қатынас жасай алатын тұлға ретінде қалыптасады. Білім беру жүйесінің басты мақсаты да осындай жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 86 б.

2. Кәрімов А., Смағұлов Ж. Орта мектеп оқушыларына қазақ әдебиетін оқытуда коучинг және менторинг әдістерін қолдану // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Педагогика сериясы. – 2023. – №3. – Б. 113-124.

3. Исмаилова Г.К., Григорьева Г.Б. Формирование функциональной грамотности учащихся средних школ на уроках предметов языкового цикла // Шәкәрім атындағы университет хабаршысы. – 2023. – №2. – С. 67-75.

Шүйінші Әсел Бауыржанқызы
География пәні мұғалімі, педагог-модератор
«№8 орта мектеп» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің дамуы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-технологиялық өзгерістермен тығыз байланысты. Білім беру мазмұнының жаңаруы мұғалімнің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қойып, оқу үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі үлгілерін қайта қарастыру қажеттігін туындатады. География пәні оқушылардың табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарды түсінуіне, кеңістіктік ойлауын дамытуына және жаһандық мәселелерді саралай білуіне мүмкіндік беретін маңызды оқу пәндерінің бірі болып саналады. Осыған байланысты географиялық білім беруде инновациялық оқыту тәсілдерін қолдану оқыту сапасын арттырудың негізгі шарттарының біріне айналып отыр. Мақалада география пәнін оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері, олардың білім алушылардың танымдық белсенділігі мен зерттеушілік қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады. Автор география сабақтарында цифрлық ресурстарды, жобалық оқыту әдісін, зерттеу бағытындағы тапсырмаларды және интерактивті тәсілдерді тиімді пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Инновациялық тәсілдердің білім беру сапасын арттыруға ықпалы ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сипатталып, география пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы рөлі айқындалады.

Кілт сөздер: географиялық білім беру, инновациялық оқыту, педагогикалық технология, цифрлық білім беру ресурстары, зерттеушілік оқыту, кеңістіктік ойлау, география сабағы.

Қазіргі білім беру кеңістігінде орын алып отырған өзгерістер оқу үдерісінің мазмұнын ғана емес, оны жүзеге асыру жолдарын да түбегейлі жаңартуды талап етеді. Әлемдік білім беру тәжірибесінде инновациялық оқыту тәсілдері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың, шығармашылық қабілеттерін дамытудың және білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыра алудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. География пәні өзінің мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты табиғи құбылыстарды, әлеуметтік-экономикалық үдерістерді және олардың кеңістіктік заңдылықтарын кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұндай мазмұн оқыту барысында тек теориялық ақпаратты меңгертумен шектелмей, оқушылардың зерттеушілік және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдануды қажет етеді. Дәстүрлі сабақ үлгісінде мұғалім негізгі ақпарат көзі ретінде қарастырылып, оқушы көбінесе дайын білімді қабылдаушы рөлінде қалып қояды. Білім берудің жаңа парадигмасы бұл қатынасты өзгертіп, оқушыны оқу үдерісінің белсенді қатысушысы әрі білімді өз бетімен құрастыратын тұлға ретінде қарастырады. Мұндай

жағдайда мұғалімнің басты міндеті оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру, оларды ғылыми ізденіске бағыттау және оқу материалының практикалық маңызын түсіндіру болып табылады. География пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану оқу үдерісін жандандырып қана қоймай, білім алушылардың табиғи-ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Инновациялық әдістер кеңістіктік деректерді талдауға, картографиялық ақпаратпен жұмыс істеуге және табиғи-экономикалық үдерістердің өзара байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Осындай әдістерді жүйелі түрде қолдану географиялық білім берудің сапасын арттырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тұрақты деңгейде сақтауға жағдай жасайды.

Білім беру жүйесіндегі инновация ұғымы тек жаңа технологияларды қолданумен шектелмейді, ол оқыту мазмұнының жаңаруын, педагогикалық қарым-қатынастың өзгеруін және оқу әрекетінің жаңа формаларының қалыптасуын қамтитын күрделі педагогикалық құбылыс болып табылады. География пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану оқушылардың қоршаған орта туралы білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Географиялық білім табиғи компоненттердің өзара әрекетін түсінуге, адам қызметінің табиғи ортаға ықпалын бағалауға және тұрақты даму мәселелерін талдауға бағытталғандықтан, сабақ барысында зерттеу элементтерін енгізу ерекше маңызға ие болады. Мұғалім оқушыларға дайын ақпаратты берумен шектелмей, оларды табиғи құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға бағыттауы қажет. Мұндай жұмыс барысында оқушылар деректерді талдау, салыстыру, қорытынды жасау сияқты ғылыми зерттеу дағдыларын меңгереді. Инновациялық оқыту тәсілдері осы процесті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді, өйткені олар білім алушылардың белсенді қатысуына негізделген. География сабақтарында интерактивті тапсырмаларды, картографиялық модельдерді және цифрлық ресурстарды пайдалану оқу материалын көрнекі әрі түсінікті етуге жағдай жасайды. Мұндай тәсілдер оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытып, географиялық нысандар мен құбылыстарды жүйелі түрде қабылдауына ықпал етеді. Оқу үдерісінде қолданылатын инновациялық әдістер білімнің практикалық маңызын арттырып, оқушылардың алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана білуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде география пәні тек теориялық ақпарат беретін пән ретінде емес, қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндіретін және талдауға үйрететін кешенді оқу пәні ретінде көрініс табады.

География пәнін оқытуда инновациялық тәсілдердің маңызды бағыттарының бірі – цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану болып табылады. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласына жаңа мүмкіндіктер ұсынып, оқу үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі формаларын жаңартуға жағдай жасады. Қазіргі уақытта интерактивті карталар, геоақпараттық жүйелер, виртуалды зертханалар және мультимедиялық платформалар география сабақтарының мазмұнын байытып, оқу материалын көрнекі түрде түсіндіруге мүмкіндік береді. Мұндай құралдарды қолдану арқылы оқушылар табиғи құбылыстардың динамикасын, климаттық өзгерістерді немесе халықтың орналасу ерекшеліктерін визуалды түрде талдай алады. Цифрлық технологиялар географиялық деректерді өңдеу мен талдаудың жаңа тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылар географиялық ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оны картаға түсіру, салыстыру және интерпретациялау сияқты әрекеттерді орындай алады. Бұл процесс олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастырады. Цифрлық құралдар арқылы ұйымдастырылған сабақтар оқушылардың оқу әрекетіне қызығушылығын арттырып, олардың оқу мотивациясын тұрақтандырады. География пәнінде қолданылатын цифрлық ресурстар табиғи-географиялық процестерді модельдеуге, кеңістіктік деректерді талдауға және әлемнің түрлі аймақтарын виртуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, жаһандық деңгейдегі географиялық мәселелерді түсінуіне ықпал етеді. Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану география пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін арттырып, оқу үдерісінің сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Географиялық білім беруде инновациялық оқыту тәсілдерінің тағы бір маңызды бағыты – жобалық және зерттеушілік оқыту әдістерін қолдану болып табылады. Бұл әдістер оқушылардың дербес жұмыс жасау қабілетін дамытып, олардың ғылыми ізденіске деген қызығушылығын қалыптастырады. Жобалық оқыту барысында оқушылар белгілі бір географиялық мәселені зерттеп, оның себептері мен салдарын анықтауға бағытталған тапсырмаларды орындайды. Мұндай жұмыс барысында білім алушылар түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, деректерді талдау және оларды жүйелеу дағдыларын меңгереді. Жобалық жұмыс оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытып, олардың өз көзқарасын дәлелді түрде ұсынуына мүмкіндік береді. География пәнінде жобалық тапсырмалар табиғи ресурстарды пайдалану, климаттық өзгерістер немесе аймақтық даму мәселелері сияқты өзекті тақырыптарды қамтуы мүмкін. Бұл тақырыптар оқушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеушілік әдіс оқу үдерісін ғылыми таным логикасына жақындатып, оқушылардың мәселені жан-жақты талдауына жағдай жасайды. Мұғалім бұл жағдайда кеңесші және бағыттаушы рөлін атқарады. Оқушылар өз зерттеулерінің нәтижесін қорғау барысында ғылыми аргументацияны қолдануды үйренеді. Осындай тәжірибе олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытып, топтық жұмыс мәдениетін қалыптастырады.

Инновациялық оқыту тәсілдері география пәні мұғалімінің кәсіби қызметінің мазмұнын да айтарлықтай өзгертеді. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, оқу үдерісінің ұйымдастырушысы әрі білім алушылардың танымдық әрекетін бағыттаушы тұлға ретінде көрінеді. Қазіргі педагогикалық тәжірибеде мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оның пәндік білімінің тереңдігімен қатар, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдана білу қабілетімен анықталады. География пәнін оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану мұғалімнің шығармашылық ізденісін талап етеді. Мұғалім оқу материалын оқушылардың жас ерекшелігіне және танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастыра отырып, оқу тапсырмаларын түрлі деңгейде ұсынуы қажет. Интерактивті әдістер мен зерттеу тапсырмалары оқушылардың белсенді қатысуына негізделгендіктен, мұғалім оқу үдерісін икемді түрде басқаруы тиіс. Мұндай жағдайда сабақ құрылымы да өзгереді, өйткені оқушылардың дербес жұмысына, талқылауына және қорытынды жасауына көбірек уақыт бөлінеді. Инновациялық оқыту тәсілдерін қолдану мұғалімнің кәсіби дамуына да ықпал етеді. Ол жаңа әдістерді меңгеру арқылы педагогикалық тәжірибесін жетілдіріп, оқу үдерісінің тиімділігін арттыра алады. Педагогикалық инновациялар мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ашып, оның кәсіби қызметін жаңа мазмұнмен толықтырады. Нәтижесінде география пәні мұғалімі білім алушылардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Географиялық білім берудің тиімділігі оқыту тәсілдерінің ғылыми негізділігімен және олардың оқу үдерісінде жүйелі қолданылуымен тығыз байланысты. Инновациялық әдістерді мақсатты түрде пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. География пәні табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысын зерттейтін ғылым болғандықтан, оны оқыту барысында кешенді көзқарас қажет. Инновациялық оқыту тәсілдері осы кешенділікті қамтамасыз етіп, білім алушылардың қоршаған ортаны тұтас жүйе ретінде қабылдауына мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер оқу үдерісін мазмұнды әрі нәтижелі етіп ұйымдастыруға жағдай жасайды. География сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану білім сапасын арттырып, оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл әдістер оқушылардың дербес ойлауын қалыптастырып, олардың алған білімін өмірлік тәжірибеде қолдана білуіне мүмкіндік береді. Инновациялық тәсілдерге негізделген оқу үдерісі оқушылардың ғылыми ізденісін қолдап, олардың интеллектуалдық дамуына жағдай жасайды. География пәнінің мазмұнына сәйкес ұйымдастырылған инновациялық сабақтар оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытып, әлемнің географиялық бейнесін жүйелі түрде түсінуіне ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда географиялық білім беруде инновациялық оқыту тәсілдерін пайдалану білім беру сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bendl T., Storrøsæter H., Madsen L.M., et al. An International Perspective on Geography Curricula: Paving a Way Forward for Geographical Thinking / T. Bendl, H. Storrøsæter, L.M. Madsen [et al.] // International Research in Geographical and Environmental Education. – 2025. – Vol. 34, No. 3. – P. 294-317.
2. Kriewaldt J., Hay I., Rady D., et al. "Resilient Individuals; Resilient Societies": The Role of Geographical Education in Their Development / J. Kriewaldt, I. Hay, D. Rady [et al.] // International Research in Geographical and Environmental Education. – 2025. – Vol. 34, No. 3. – P. 274-293.
3. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии / Н.Н. Баранский. – М.: Просвещение, 2020. – 384 с.
4. Шокыбаев Ж.Ә., Жұмаділова Г.С. Педагогикалық инноватика: оқу құралы. – Алматы: TechSmith, 2022. – 312 б.

Жәнібекқызы Ботакөз
Химия пәні мұғалімі, магистр, педагог-модератор
«№8 орта мектеп» КММ
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы



ХИМИЯ САБАҒЫНДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

